



## ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТТАРЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Антониу Жозе Мартинш Сегуру мен оның отандастарын осы елдің ұлттық мерекесі – Португалия күнімен құттықтады.




Президент айтулы мейрам қарсаңында Португалияның 2027-2028 жылдары БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі болып сайлануын аталған елдің жаһандық бейбітшілік және қауіпсіздікті нығайту жолындағы маңызды рөліне көрсетілген зор құрмет пен жоғары халықаралық сенімінің көрінісі деп атап өткен.

Мемлекет басшысы сан қырлы байланыс халықтарымыздың игілігі үшін беки түсетініне сенім білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Португалия Президентінің жауапты қызметіне толайым табыс, ал халқына өркендеу мен құт-береке тіледі.

Мемлекет басшысы Канада Генерал-губернаторы Луиза Арбурға құттықтау жеделхатын жолдады.



Президент Канаданың жаңа Генерал-губернаторы Луиза Арбурды лауазымына ресми түрде кірісуімен құттықтап, оның жауапты мемлекеттік қызметіне табыс, ал Канада халқына бақ-береке тіледі.

Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, Қазақстан Канадамен сан қырлы серіктестікті нығайтуға бейіл әрі қос халықтың мүддесі үшін тығыз ықпалдас-тыққа әзір.

## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ТЕРЕҢДЕТУ – ОРТАҚ МҮДДЕ



Мемлекет басшысы АҚШ Президентінің Оңтүстік және Орталық Азия бойынша арнайы өкілі Серджио Горды қабылдады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ-америка ынтымақтастығының жоғары деңгейін атап өтіп, Америка Құрама Штаттарымен кеңейтілген стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайтуға бейіл екенін растады.

– Біз өзекті мәселелерді кеңінен талқылауға мүмкіндік туғанын оң бағалаймыз. Әсіресе, аса маңызды минералдар бойынша С5+1 диалогына қатысуыңызды құптаймыз. Бұл Құрама Штаттардың Қазақстанмен және бүкіл Орталық Азиямен ынтымақтастыққа стратегиялық тұрғыдан мән беретінін көрсетеді. Сондай-ақ Сіздің екіжақты байланыстарды дамытуға қосқан үлесіңізді атап өткім келеді.

Қазақстан Америка Құрама Штаттарымен кеңейтілген стратегиялық серіктестікті одан әрі арттыруға мүдделі. Орайлы сәтті пайдалана отырып, Сіз арқылы АҚШ Президенті Дональд Трампқа ыстық ықыласым мен ізгі тілегімді жолдаймын. Жыл соңына қарай біз кездесеміз деп ойлаймын. Сонымен бірге Майамиде өтетін G20 саммитіне қатысуға шақырғаны үшін ризашылығымды білдіремін, – делі Мемлекет басшысы.

Серджио Гор Қасым-Жомарт Тоқаевқа кездесу үшін алғыс айтып, Президент Дональд Трамптың сәлемін жеткізді.

– Сіздің Ақ үйде досыңыз бар деп сеніммен айта аламын. Президент Трамп қызметіңізді айрықша бағалайды. Біз елдеріміздің мүддесі үшін өзара тиімді шешімдер іздеуге ұмтыламыз. Мұны АҚШ пен аймақ елдері арасындағы қарым-қатынастың қарқыны дәлелдейді. Кейінгі жылдың өзінде 20 миллиард доллардан аса сомаға келісім жасалды. Бұл әлі бастауы

ғана екеніне сенімдімін. Сіздің жыл соңында өтетін G20 саммитіне қатысатыныызға өте қуаныштымыз, – делі арнайы өкіл.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Серджио Гор бірлескен сауда-экономикалық және инвестициялық жобаларды жүзеге асыру, сондай-ақ аса маңызды минералдар, көлік-логистика, цифрландыру мен басқа да басым салалардағы ықпалдастық перспективасын талқылады.

Қазақстан тең құрылтайшыларының бірі болған Бейбітшілік кеңесінің қызметіне ерекше назар аударылды. Мемлекет басшысының мәлімдеуінше, еліміз халықаралық тұрақтылық пен гуманитарлық бастамаларды ілгерілету ісіне үлес қосуға дайын. Сондай-ақ өңірлік және жаһандық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасу өтті.

Кездесу соңында Президент пен арнайы өкіл сан қырлы қазақ-америка ынтымақтастығын тереңдетуге өзара мүдделі екенін қуаттады.

## ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫ АРТАДЫ



Президент Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Асқарбек Ертаевты қабылдады.

Мемлекет басшысы ведомствоның 2025 жылы атқарған жұмыстарының қорытындысы мен биыл бес айдағы нәтижелері туралы есебін тыңдады.

Асқарбек Ертаевтың айтуынша, мемлекет тарапынан көрсетілетін әлеуметтік міндеттемелер толығымен орындалуда. 2025 жылы зейнетақы, базалық жәрдемақы және басқа да әлеуметтік төлемдерге 5,9 триллион тенге жұмсалды. Биылғы бес айда бұл көрсеткіш 2,7 триллион тенгені құрала.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа мүгедектігі бар жандарды қолдау және жұмысқа орналастыру шаралары жөнінде баяндалды. Биыл 12 мыңға жуық мүмкіндігі шектеулі азамат еңбекке тартылған. Жыл соңына дейін мүгедектігі белгілеуге арналған цифрлық талдау тетігін енгізу жоспарланып отыр.

Мемлекет басшысы арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету сапасын арттырып, еліміздің аймақтарында 7 жаңа оналту орталығын ашу міндетін қойды. Бұл қызметтердің қолжетімділігін жақсартып, ерекше қажеттілігі бар жандарға жан-жақты қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ Президентке халықты еңбекпен қамту бағытында қолға алынған шаралар туралы мәлімет берілді. Ел көлемінде 201 мыңға жуық азамат, соның ішінде 74,9 мың жас жұмыспен қамтылды.

Биыл лайықты жалақы төлеп, әлеуметтік аударымдарды үзбейтін әрі еңбек қауіпсіздігін сақтайтын тұрақты және орнықты жұмыс орындарының санын 3,1 миллионға дейін жеткізу міндеті қойылды.

Жасанды интеллект технологияларын енгізу аясында Маңғыстау және Павлодар облыстарында «Жұмыспен қамтудың

цифрлық қызметі» пилоттық режимін іске қосу жоспарланды.

Сондай-ақ министр еңбек қатынастарын реттеу бағытында атқарылған жұмыстар жөнінде айтты. Электрондық форматта 6,7 миллион еңбек шарты жасалған. Мекемелердің 118 мыңнан аса жұмыскері міндетті сактандыру шартымен қамтылды. Еңбек инспекторларының көмегімен 22 мыңнан аса жұмыскердің құқығы қорғалды. Өндірістік жаракаттану мен жазатайым оқиғалардың алдын алуға ерекше назар аударылуда. Кәсіптік тәуекелдерді айқындау, оқыту үдерісін автоматтандыру және төмендетілген жалақыны анықтау үшін цифрлық шешімдер енгізу қарастырылған.

Мемлекет басшысы саланы одан әрі цифрландыру, еңбек аламының құқығын қорғау, мұқтаж жандарға көмек көрсету және әлеуметтік масылдықпен күрес жөнінде бірқатар тапсырма жүктелді. Президенттің айтуынша, қабылданған шаралардың барлығы халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталуы қажет.

## ЖОЛБАРЫСТЫ ЖЕРСІНДІРУ ЖОЛЫНДА

Жазба деректерге сенсек, Тұран жолбарысының салмағы 250-300 келі тартқан. Тағы бір ерекшелігі, жирен түсті жүнінің бояуы қанық болыпты. Қыстыгүні терісі, әсіресе бауыр жүні қалыңдай түскен. Тұмсық тұсына қою мұрт өскен. Бұған дейін Тұран жолбарысы мен Амур жолбарысы екі бөлек түрше деп есептелетін. 2009 және 2017 жылы жасалған зерттеулер ол түсінікті түбегейлі өзгертті. Ғалымдар Тұран жолбарысының мұражайда сақталған тұлбындағы митохондриялық ДНҚ үлгілерін Амур жолбарысымен салыстырып, екеуінің генетикалық кодында бір ғана нуклеотид айырмасы бар екенін анықтады. Яғни, бұлар екі басқа субтүр емес, бір түрдің екі жердегі популяциясы ғана екен. Олардың арасын бірнеше ғасыр бұрын адамдардың экожүйеге араласуы, Жібек жолындағы аймақтардың игерілуі бөліп тастаған дейді.

→ 3



11 МАУСЫМ 2026 | БЕЙСЕНБІ

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАНК СЕКТОРЫН ДАМУ МӘСЕЛЕСІН ТАЛҚЫЛАДЫ



TALDAU TALKS YouTube арнасында подкасттың кезекті шығарылымы жарияланды. Онда сарапшылар Қазақстандағы банк секторының қазіргі ахуалы, негізгі сын-қатерлер және жаңа цифрлық шешімдер жағдайындағы ел экономикасын дамыту перспективалары туралы мәселелерді талқылады.

Пікірталастың бастамашысы әрі модераторы Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев болды. Оған Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мадина Әбілқасымова, Halyk Bank басқарма төрағасы Үміт Шаяхметова және қаржы-экономика саласындағы тәуелсіз сарапшы Ғалым Хұсайынов қатысты.

Сенат Төрағасы банк жүйесінің қазіргі тұрақтылығы жағдайында саланың негізгі міндеттері жаңа бейінді заңды тиімді іске асыру, бәсекелестікті ынталандыру, несиеленудің қолжетімділігін арттыру және бизнес пен азаматтарға сапалы қызмет көрсету екенін атап өтті.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев бизнеске банктік кредит беруді жандандыру және екенін бірнеше рет атап өтіп, осы сектордағы өзге де өзекті мәселелерге назар аударған болатын. Саланы реттеудің заманауи құқықтық негізін қалыптастыру мақсатымен жаңа Банктар туралы заң қабылданып, күшіне енді. Сондықтан бүгін біз жаңа ережелердің іс жүзінде қалай жұмыс істеп жатқанын және олардың бәсекелестікке, несиенің қолжетімділігіне әрі жалпы экономиканың дамуына қалай әсер ететінін талқылап отырмыз. Халықаралық рейтингтік агенттіктер растаған жалпы көрсеткіштер елдің қаржы жүйесіне деген сенімнің сақталғанын көрсетеді. Алдағы жылдардағы банк жүйесінің

міндеті — осы оң үрдісті сақтап, ілгері дамуды қамтамасыз ету және халық пен бизнеске сапалы қызмет ұсыну», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сарапшылар жоғары базалық мөлшерлеменің банк секторына әсерін де талқылады. Сонымен қатар Сенат Төрағасы борыш жүктемесінің табысқа қатынасы коэффициентін енгізу банктарға қарыз алушының тек ағымдағы төлемдерін ғана емес, барлық міндеттем көлемін бағалауға мүмкіндік беретінін тілге тиек етті. Алайда бұл көрсеткішті шамадан тыс қатан қолдану, әсіресе, бөліп төлеу немесе микроқарыздары бар адал азаматтардың несие алу мүмкіндігін шектеуі ықтимал. Сондықтан бұл мәселеде тепе-теңдікті сақтау аса маңызды.

Бұдан бөлек, қатысушылар бірқатар бағыт бойынша пікір алмасып, бірлескен жұмыстың негізгі міндеттерін белгіледі. Атап айтқанда, реттеу саясатын жетілдіру, ақша-кредит және фискалды құралдарды үйлестіру арқылы инфляцияны тежеу мен несиеленуді қолдау арасындағы теңгерімді табу, сондай-ақ банк және финтех секторларын трансформациялау мәселелеріне ерекше мән берілді.

Taldau Talks — ел дамуының өзекті мәселелері мен Мемлекет басшысы қойған міндеттерді іске асырудың нақты қадамдары талқыланып ашық диалог алаңы.

## ЖАҢА БАСТАМАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектенов ASTANA MINING & METALLURGY 2026 конгресіне қатысу үшін келген Сауд Арабиясы Корольдігінің өнеркәсіп және минералдық ресурстар министрі Бандар әл-Хураифпен кездесу өткізді.



Сауд Арабиясы Қазақстанның Таяу Шығыстағы негізгі сауда-экономикалық серіктестері қатарына кіреді. Қазақстан мен Сауд Арабиясы қосбасшыларының өзара қолдау нәтижесінде сенімді әрі достық қарым-қатынастар орнағаны атап өтілді.

2025 жылдың қорытындысы бойынша екі ел арасындағы өзара сауда көлемі 17%-ға артып, 11,7 млн долларды құрады. Биылғы қаңтар-сәуір айларында тауар айналымы 2,9 есеге өсіп, 6,1 млн доллардан асты. Кейінгі 20 жылда Сауд Арабиясы Корольдігінен Қазақстан Республикасына тартылған тікелей шетелдік инвестиция көлемі 115,3 млн долларды құрады. Биылғы ақпан айында

қол қойылған Қазақстан — Сауд Арабиясы үйлестіру кеңесін құру туралы келісім және инвестицияларды өзара ынталандыру мен қорғау туралы келісім жана бірлескен бастамаларды жүзеге асыру үшін қосымша мүмкіндіктер ашады.

Тау-кен металлургия кешеніндегі ынтмақастықты одан әрі дамыту мәселелеріне, сондай-ақ аса маңызды минералдар саласындағы бірлескен жобаларды жүзеге асыру перспективаларына назар аударылды. Пайдалы қазбаларды барлау, өндіру және өңдеу, сондай-ақ қосылған құны жоғары өндірістерді дамыту саласындағы өзара іс-қимыл талқыланды.

## МӘЖІЛІС ҮКІМЕТ ПЕН ЖОҒАРЫ АУДИТОРЛЫҚ ПАЛАТАНЫҢ ЕСЕПТЕРІН ҚАРАДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен жалпы отырыста депутаттар Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның 2025 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін қарады. Бұдан бөлек, Кеден кодексіне енгізілген түзетулер мен экология мәселелері жөніндегі заң қабылданып, Қырғызстанмен арадағы екі елдің дипломатиялық өкілдіктеріне қатысты келісім ратификацияланды.



2025 жылы бюджеттің атқарылуы жаңа Бюджет кодексінің қолданысы жағдайында жүзеге асырылды. Үкімет есебін депутаттарға таныстырған Қаржы министрі Мәди Такиев өткен жылдың қорытындысы бойынша Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) өсімі 6,5%-ды құрағанын, бұл алдыңғы жылғы көрсеткіштен 1,5%-ға жоғары екенін айтты. Бюджет түсімдері жоспарға шаққанда 99%-ға атқарылып, 21,4 трлн теңгеге жетті. Оның ішінде трансфертерді есептегендегі меншікті кірістер 17,5%-дық өсімімен 15,3 трлн теңгені құрады. Бюджет шығыстары да 99%-ға орындалып, 25,5 трлн теңгеге жетті. Бұл ретте министр Үкіметтің әлеуметтік міндеттемелерді орындағанын атап өтті.

Өңірлерді қолдауға 7,7 трлн теңге бағытталса, әлеуметтік салаға 9,3 трлн теңге бөлінді. Ұлттық жобалар шеңберінде 198 мектептің және 655 денсаулық сақтау нысанының құрылысы аяқталды. Халықтың әлеуметтік осал топтары үшін 5 141 баспана сатып алынды. Үкімет үшін ең маңыздысы — бюджеттің атқарылуының тек игеру пайызы бойынша ғана бағаланбауы. Басты шарт — азаматтар мен бизнес және өңірлерде нақты қол жеткізілген нәтиже, — деп атап өтті Мәди Такиев.

Өз кезегінде Жоғары аудиторлық палатаның төрағасы Әлихан Смайылов ЖІӨ-ге қатысты болжамның 9 трлн теңгеге артық орындалғанына қарамастан, бюджетке 335 млрд теңге түспей қалғанын айтты. Оның айтуынша, бұл жоспарлаудың олқылықтары мен салықтық болжамдардың шамадан тыс оптимистік болуының салдары. Сонымен қатар бюджет тапшылығы әлі де айтарлықтай жоғары. Оны қысқарту жөніндегі жоспарлар қабылданды, алайда Жоғары аудиторлық палатаның бағалауынша, олардың ортамерзімді перспективада жүзеге асу ықтималдығы төмен. Бұған қоса, 2025 жылғы бюджет процесіне бюджеттен тыс қорлар интеграцияланды, бірақ олардың нақты саны туралы толыққанды есеп пен мәлімет жоқ.

Қосымша баяндама жасаған Мәжіліс депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Еркін Әбіл 2025 жылдың қорытындысы бойынша Үкімет макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етіп, экономикалық өсудің оң динамикасын сақтап қалғанын атап өтті. Бұл ретте экономикаға ыңғайлы өнеркәсібі қосқан үлес алғаш рет тау-кен өндіру секторының үлесінен (11,9%) асып түсіп, 13%-ды құрады. Басқа да жетістіктер бар, алайда инфляциялық және өзге де елеулі сын-қатерлердің сақталуы тұрғындардың нақты табысының төмендеуіне әсер етуде.

Талқылау барысында депутаттар Үкімет мүшелеріне азық-түлік тауарларының бағасын тежеу шаралары, қаржылық сын-қатерлердің алдын алу және мемлекеттік қарызға тәуелділікті төмендету бойынша жасалып жатқан қадамдар туралы сұрақтар қойды. Сондай-ақ депутаттар су шаруашылығын дамыту саласындағы жоспарланған көрсеткіштер мен күтілетін нәтижелерге қол жеткізілмеу себептері, фермерлер алдындағы субсидияға қатысты берешекті өтеу мерзімдері, сондай-ақ етті мал шаруашылығының экспорттық әлеуетін арттыру үшін енгізу жоспарланып отырған тетіктер туралы сұрады.

Есептерге Мәжілістегі барлық саяси партия фракциялары өз бағаларын берді. «Ауыл», ҚХП, «Respublica», «Ақ жол» және «AMANAT» фракциялары Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның 2025 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін депутаттардың айтқан ескертулерін назарға ала отырып бекітуді қолдады. ЖСДП фракциясы құжаттарды қолдамай, қарсы дауыс берді.

Жалпы алғанда, депутаттар Үкіметтің есебін қанағаттанарлық деңгейде бағалап, оны одан әрі қарау үшін Сенатқа жіберу туралы шешім қабылдады.

Талқылауды қорытындылай келе, Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов жалпы алғанда Үкімет тарапынан ауқымды жұмыс атқарылғанына назар аударды. Атап айтқанда, ел экономикасының дамуында тұрақтылық байқалады, ЖІӨ өсімі болжанған көрсеткіштен де, бұлтырғы деңгейде де асып түсті. Сонымен қатар бюджет саясаты мен заңнаманы жетілдіруге қатысты әлі де атқарылатын жұмыс көп.

— Былтыр даму бюджетінің үлесі 8,1-ден 6,4 пайызға дейін қысқарған. Әрбір бесінші инвестициялық жоба 2025 жылы аяқталмай қалған. Алайда елдің экономикалық өсіміне берік негіз қалайтын не? Ол — әрине, инфрақұрылымға, өндіріске, инновация мен адами капиталға салынған инвестиция. Ал бұл осы бағыттағы даму бюджетінің тиісті деңгейде атқарылмай жатқанын көріп отырмыз. Бірінші кезекте ағымдағы мәселелерге емес, елді дамытуға арналған шығыстарға басымдық берілуге тиіс, — деді Мәжіліс Спикері.

Ерлан Қошанов сондай-ақ мемлекеттік органдардың жаңа Бюджет кодексіне жазылған Парламенттің қатысуынсыз бюджетке 15% шегінде өз бетінше түзетулер енгізу мүмкіндігіне әуестеніп кеткенін баса айтты. Сегіз рет түзету жүргізілген, жекелеген салаларда шығыстар 59%-ға дейін өзгертілген, бұл бюджеттік бағдарламаларды бастапқы жоспарлаудың жеткілікті деңгейде ойластырылмағанын көрсетеді. Осыған байланысты Мәжіліс Төрағасы Бюджет кодексіндегі осы норманы қайта қарап, бюджеттік түзетулердің нақты шегін бекітуді ұсынды.

Мәжіліс Төрағасы бюджет кірістерін объективті түрде болжау, сондай-ақ Ұлттық қор есебінен қаржыландырылатын жобаларға мониторинг жүргізу қажеттігіне де тоқталды. Сөз соңында ол отырыс барысында айтылған депутаттардың ұсыныстары Үкімет тарапынан мұқият талданып, алдағы жылдардың бюджетінде көрініс табуы деген сенім білдірді.

Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның 2025 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептері Парламент палаталарының бірлескен отырысында түпкілікті қаралады.

Бұдан бөлек, Мәжіліс «Қазақстан Республикасындағы келендік реттеу туралы» кодекске енгізілетін заңнамалық түзетулерді екінші оқылымда қабылдады. Мәжіліс депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Әділ Жұбановтың келтірген дерегі бойынша, заң электрондық сауданы реттеу бойынша Еуразиялық экономикалық одақтың жанартылған талаптарына сәйкес әзірленген.

Құжат электрондық сауда тауарларын жеке санатқа бөледі және «электрондық сауда операторы» ұғымын енгізуді көздейді. Мұндай операторлар интернет алаңдар арқылы сатып алынған тауарлардың логистикасын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ бұл келендік декларациялау және тауарларды сақтау рәсімдерінің сақталуы мәселелері бойынша кеден органдарымен өзара іс-әрекетті жолға қоюға мүмкіндік береді.

Екінші оқылымда экология және экономиканың жекелеген салаларын жетілдіру мәселелері туралы заң қабылданды. Мәжіліс депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Ажар Сағандықованың айтуынша, түзетулерді Парламент депутаттары көміртекті реттеу, қалдықтарды басқару, саланы цифрландыру, оны реттеу мен бақылау тетіктерін жетілдіру мақсатымен әзірлеген.

Атап айтқанда, тауар биржасы арқылы квота бөлуін аукциондық тәсілмен енгізу жоспарлануда, бұл нарықтық баға қалыптастыруды және жүйенің ашықтығын арттырады. Сондай-ақ көміртектің бірлігіне сұраныс пен ұсыныс арасындағы теңгерімді тетіктерді реттеу мүмкіндік беретін тұрақтандыру резервін құру көзделіп отыр.

Бұдан бөлек, жаңа нормалар гидрометеорология саласындағы ғылыми қызметті дамытуға, инвестициялық жобалар мен көмірсутектерді барлау жобалары үшін экологиялық рұқсаттар алу рәсімдерін жеңілдетуге, «Жасыл даму» акционерлік қоғамына тұрақты органикалық ластанушылар мен иесіз қауіпті қалдықтарды жоюды қаржыландыру бойынша құзыреттер беруге және тағы басқаларына бағытталған.

Мәжіліс Қазақстан мен Қырғызстан үкіметтері арасындағы елшіліктердің, сондай-ақ екі мемлекеттің Төтенше және өкілетті елшілері резиденцияларының мұқтажындағы рұқсаттар алу рәсімдерін жеңілдетуге, «Жасыл даму» акционерлік қоғамына тұрақты органикалық ластанушылар мен иесіз қауіпті қалдықтарды жоюды қаржыландыру бойынша құзыреттер беруге және тағы басқаларына бағытталған.

Құжаттың ережелеріне сәйкес, нысандар кейіннен ұзарту құқығымен 49 жыл мерзімге беріліп, екі елде алынатын салықтар мен алымдардың барлық түрінен босатылады. Сондай-ақ онда жер учаскелерін және жылжымайтын мүлік нысандарын беру тәртібі мен шарттары айқындалған. Бүгінде Қазақстан 12 мемлекетпен осындай келісімдер жасасқан.

Қосымша баяндама жасаған Мәжіліс депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Самат Нұрғазы келісімнің маңызды практикалық мәні бар екенін атап өтті. Жер учаскелерін өтеусіз пайдалануға беру, жылжымайтын мүлік нысандарын жалға алу мен пайдалануға байланысты шығындарды азайтуға жол ашады. Бұл ұзақмерзімді перспективада дипломатиялық өкілдіктердің тұрақты әрі тәуелсіз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Бұдан бөлек, Қаржы және бюджет комитеті Қазақстан мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы қарыз туралы келісімді («Экономиканың инклюзивті және орнықты өсуі» даму саясатын қаржыландыруға арналған екінші қарыз») ратификациялау туралы жаңа заң жобасын жұмысқа қабылдады.

Жуырда Қонаев қаласында өткен Алатау қаласын дамыту жөніндегі кеңесте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзгеше ой айтқаны бар. Әдетте Президент бастамаларының нақты міндеттерін көбіміз біршама жақсы түсінгенімізбен, астарындағы қосалқы идеяларға назар аударма бермейтініміз бар. Ал Мемлекет басшысының сөзі ойландырып тастады.

## Амангелді ҚҰРМЕТ

Қасым-Жомарт Тоқаев кеңесте «Таза Қазақстан» тұжырымдамасына байланысты бірқатар тапсырма берген-ді. Ол: «Таза Қазақстан» тұжырымдамасының орындалуы — конституциялық міндет. «Таза» деген сөздің мағынасы көпқырлы. Бұл — қалаларымызды тазалау, көгалдандыру, көркейтуді, абаттандыру деген сөз. Сонымен қатар бұл — ниетіміздің тазалығын сақтау, отаншылдығымызды паш ету деген сөз. «Таза Қазақстан» жалпыхалықтық қозғалысы Әділетті Қазақстанның болмысына, тіпті оның тұтас идеологиясына айналуы керек», — деді. Сөйтіп, биыл 15 наурызда жалұлттық референдум арқылы қабылданған жана Ата занның басты ұстанымдарын еске салды.

Ал І шілдеден бастап күшіне енетін Конституцияның преамбуласы «Біз Қазақстан халқы...» деп басталып, «... табиғатты аялау қажеттігін мойындап, бейбітшілікке және барлық елмен достыққа ұмтылып, келешек ұрпақ алдындағы аса жоғары жауапкершілікті сезініп, Қазақстан Республикасының Ата заңын — осы Конституцияны қабылдаймыз», — деп аяқталады. Конституцияның 37-бабы тұтастай қоршаған ортаны қорғауға арналған. Ол баптың бірінші тармағында: «Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғи байлыққа ұқыпты қарауға міндетті», — делінсе, екінші тармағында: «Мемлекет адамның өмір сүруіне және денсаулығына қолайлы

# ТАЗАЛЫҚТАН БАСТАЛҒАН ТАҒЫЛЫМ



болатын қоршаған ортаны қорғауды мақсат етеді», — деп көрсетілген. Яғни, мемлекеттің табиғатты аялауға, қоршаған ортаны таза ұстауға айрықша назар аударатынын Ата заң арқылы шегендеді. Осылайша, «Таза Қазақстан», «Адал адам» тәрізді тұжырымдамалар Әділетті Қазақстанның идеологиялық ұстанымына айналып келе жатқанын паш ететін құқықтық іргетас жасалды.

Негізі, «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы тек қоршаған ортаны таза ұстаумен, аялаумен өлшенбесе керек. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биыл сәуірде «таза» сөзінің мәнін тағы да кеңінен тарқатқаны бар.

«Халқымыз ежелден «тазалық» ұғымына ерекше мән берген. Жұртымыз «таза»

сөзін кең мағынада қолданады. Мысалы, арлы, ниеті түзу, адал адам туралы айтқан кезде «ары таза, ойы таза, жүрегі таза» адам деп сипаттаған. Бабаларымыз әрдайым табиғатпен етене байланыста өмір сүрген, қоршаған ортаны қорғау кәсірлі міндет деп санаған. «Обал болады» деп, жас ұрпақты табиғатқа ешқандай зиян келтірмеуге үйреткен. «Бұлақ көрсен, көзін аш» деп, Жер-Анаға жанашыр жүрекпен қарауға тәрбиелеген. Міне, бүгін де тазалық ұғымы ұлттымыздың болмыс-бітіміне тән асыл қасиетке, қоғамдық мәні зор құндылыққа айналып жатыр. «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы — соның айқын көрінісі. Тазалық — өркеніетті қоғамның айнасы, дамуға ұмтылған кез келген елдің мызғымас ұстанымы.

Ақ пейілмен, түзу ниетпен қолға алған әрбір іс берекелі болады. «Таза Қазақстан» — дәл осындай бірегей бастама. Бұл жоба миллиондаған отаншыл азаматымыздың адал еңбегінің арқасында жалпыхалықтық қозғалысқа айналды», — деген еді Президент.

Ал бұрынғылар тазалықтың алдымен адам жанынан басталатынын көп айтыпты. Әрі «таза» ұғымының мәні де кең, көкейге салар ойы да көп. Қазақта «Ары таза жігіттің — жаны таза» деген мақал бар. Асан қайғы «таза, мінсіз асыл сөз» деп айтар ойдың да кемел, жүрекке жетер үлгісі болатынын еске салады. Ал Махмұд Қашқари өзінің «Диуани лұғат ат-түрк» атты еңбегінде «таза» сөзінің тікелей мағынасын беретін «арығ», «сұлудың»

көне нұсқасы болып есептелетін «ару/аруғ», адалдықты сипаттайтын «түз/түзу», мінсіздікті мензейтін «тенг» дейтін атауларды жазып кетіпті. Барлығы да «таза» ұғымының аясы қоршаған ортаны аялаудан әлдеқайда кең екенін аңғартып тұр.

Демек, Президент атап өткендей, «Таза Қазақстан» тұжырымдамасын қоғамда қоршаған ортаны қорғауды ғана көздемей, ниет пен іс-әрекеттің адалдығын қалыптастыратын бастама деп бағалаймыз.

Ниеті таза азамат бүгінгі қоғамның жегі құртына айналған жемқорлықтан бойын аулақ ұстайды, өз міндетіне жауапкершілікпен қарайды. Барды «бар», жоқты «жок» дей алады. Мемлекеттің өз халқының әл-аухаты мен тұрмысын жақсартуға, ұрпаққа дамыған, тәртіпті, заң үстемдігі орнаған қоғам қалдыру жолында барын салады. Бұл тұрғыдан қарастырғанда «Таза Қазақстан» қағидаты «Адал азамат», «Заң және тәртіп» тұжырымдамаларымен бірге тұтас құндылықтар жүйесін қалыптастырып келеді. Сондықтан қоғамның бұл бастамалардың астарына терең үніле білгені керек.

Бүгінде «Таза Қазақстан» бастамасы көптеген игі істерге ұйытқы болып келеді. Акция басталғаннан бергі екі жыл ішінде 1,5 мың экологиялық іс-шара ұйымдастырылып, 2 миллион тонна қоқыс жиналып, 5,5 миллионға жуық ағаш егілген. Жыл сайын акцияға 6,5 миллион адам қатысады. Алты жарым миллион адам дегеніңіз ел халқының үштен бірі болса, еңбекке жарамды азаматтардың тең жартысынан асатын көрсеткіш. Сонымен қатар бұл тұжырымдама волонтерлер желісінің жетілуіне айрықша ықпал етті. Акция аясында ұйымдастырылатын іс-шараларға жыл сайын 800 мыңға жуық волонтер қатысады. Ал волонтерлердің тек экологиялық акциялармен шектелмей, қайырымдылық, қамқорлық бағытында тер төгетіні баршаға аян. Саны мол, сапасы да жақсарып келе жатқан волонтерлер қауымы — білім культін, кітап оқу мәдениетін де жетілдіретін, дестүрге айналдыратын күш. Әрі олардың көбі — жастар. Демек, келесі ұрпақтың сапасы да бүгінгіден біршама жоғары болады-ау деп болжауға болады. Оған Президенттің бастамалары іргетас қалап жатыр.



Тұран жолбарысын қайтару жоспары ешкімге жаңалық емес. Бұл мәселе биліктің биік мінберлерінде, баспасөз бетінде талай талқыланған. Экология тарихында бұрын-соңды болмаған жобаның алғашқы дайындық кезеңі аяқталып, негізгі жұмыс кезеңі басталды. Тып-типыл жойылып кеткен тұқымды қайта жаңғырту бағдарламасы қалай жүзеге аспақ?

## ТАРИХТАН БІР ТАРМАҚ

Қазақ жерінде салақұлаш сарыала жолбарыстар ХХ ғасырдың ортасына дейін тіршілік еткен. Ерте заманда Сырдария жағасында, қамысы қалың Шу бойында, Іленің етегінде тарғыл шерілер қаптап жүрген. Жолбарыс аулау қазақтың ата дәстүрі, машықты өнері болған. Білегін арқанмен орап, үстіне қалың тері жамылған қазақ аншылары жыртықшыты садақпен атып, жалаң қанжармен жайратқан деседі.

Патшалық Ресейде жарық көрген «Военный сборник» журналының 1871 жылғы бір санында Сырдария бойында тұратын Шақан деген аңшы туралы мақала басылған. Шақан аңға кеткен түні адам-жегіш жолбарыс киіз үйге кіріп, баласын өлтіріп, әйелін қамысқа сүйреп әкетеді. Қатты күйінген Шақан жолбарыс атаулының тұқымын түздей құртма деп ант-су ішеді. Уәдесін орындаған аңшы бірнеше жыртықшытың көзін жояды. Бұл жайында Мұхтар Мағауиннің «Шақан-Шері» романында егжей-тегжейлі жазылған. «Токсан үйлі тобырды» аңшылықпен асыраған Қамбар батырдың жолбарысты құйрығынан ұстап, басынан айналдыра лақтырып өлтіргені де жырда көркем суреттеледі.

Дегенмен еуропалықтар келгенше Қазақстандағы жолбарыс популяциясы біршама жақсы еді. Ан патшасын жоспарлы

түрде аулау 1891 жылдан басталады. Жедел атылатын жойқын қарумен жарактанған орыс әскері отарланған жерді жыртықшытардан тазалау үшін арнайы отрядтар құрған. Жекелеген аңшылар да түгі құлпырған қымбат терісіне қызынып, жолбарысты қынадай қырған. Кеңес өкіметі 1947 жылы жолбарыс аулауға тыйым салғанымен, бұл кеш қабылданған шара болды. Дегенмен осы тыйымның арқасында Амур жолбарысы сақталып қалды. 1960 жылдардың ортасынан бастап Тұран жолбарысы біржола жойылып кеткен түр ретінде Халықаралық табиғат қорғау одағының Қызыл кітабына енгізілді.

Жазба деректерге сенсек, Тұран жолбарысының салмағы 250-300 келі тартқан. Тағы бір ерекшелігі, жирен түсті жүнінің бояуы қанық болыпты. Қыстығүні терісі, әсіресе бауыр жүні қалыңдай түскен. Тұмсық тұсына қою мұрт өскен. Бұған дейін Тұран жолбарысы мен Амур жолбарысы екі бөлек түрде деп есептелетін. 2009 және 2017 жылы жасалған зерттеулер ол түсінікті түбегейлі өзгертті. Ғалымдар Тұран жолбарысының мұражайда сақталған тұлыбындағы митохондриялық ДНҚ үлгілерін Амур жолбарысымен салыстырып, екеуінің генетикалық кодында бір ғана нуклеотид айырмасы бар екенін анықтады. Яғни, бұлар екі басқа субтүр емес, бір түрдің екі жердегі популяциясы ғана екен. Олардың арасын бірнеше ғасыр бұрын

# ЖОЛБАРЫСТЫ ЖЕРСІНДІРУ ЖОЛЫНДА

адамдардың экожүйеге араласуы, Жібек жолындағы аймақтардың игерілуі бөліп тастаған дейді.

## ЖОБАНЫҢ МАҢЫЗЫ ОРАСАН

2010 жылы Дүниежүзілік жабайы табиғат қоры (WWF) мен Қазақстан Үкіметі Тұран жолбарысын тарихи мекеніне қайтару жобасын қолға алды. 2017 жылы бағдарламаны жүзеге асыруға жол ашатын меморандумға қол қойылды. Сол жылы әлемге әйгілі актер Леонардо Ди Каприо өзінің Instagram парақшасында осы мәселеге қатысты пікір білдірген.

«Қазақстан — жарты ғасыр бұрын жойылған жолбарыстарды Орталық Азияға қайтаратын тұңғыш ел. Бір кезде жолбарыстар Түркияның шығысынан Бали аралдарына дейінгі аралықта жортып жүрген, алайда содан бері таралу аймағы 90 пайызға тарылып кетті. Қазақстанның жолбарысты жерсіндіру жоспары — табиғатты қорғауға қосылған қомақты үлес», — деп жазылған жарияланымда.

2010 жылы Леонардо Ди Каприо жолбарыстың әлемдік популяциясын құтқару саммитіне қатысып, жолбарысты сақтау бағдарламасына екі миллион доллар сыйлайтынын мәлімдеген. Табиғатты қорғау жобаларына атсалысқаны үшін актер «Жолбарыстар елшісі» атанған.

2018 жылы Іле-Балқаш мемлекеттік табиғи резерваты құрылып, аумағы 415 мың гектардан астам жерге қатаң күзет қойылды. Жолбарыстарға арналған 3,5 гектарлық вольтер кешені, заманауи ветеринарлық бекет салынды. Инспекторлар кәсіби даярлық курсынан өтті. WWF Ресей өкілдігінің президенті Игорь Честиннің айтуынша, жолбарысты жерсіндіруге Қазақстан аумағы кездейсоқ таңдалған.

— Жолбарыс популяциясына көлемі үлкен, адам аяғы баспайтын жерлер қажет. Ама қанша, жыртықшытың тарихи ареалы саналатын Әзербайжан, Армения, Грузия, Иран, Қырғызстан, Қытай, Тәжікстан, Түрікменстан, Түркия жерінде жолбарыс тіршілік ететін жер қалмады. Кейбір шағын өлкелер кездескенмен, жан-жағында халық тығыз қоныстанған. Ауғанстан мен Иракты қарастырған да жоқпыз, себебі бұл елдердің саяси ахуалы күрделі.

Ақыры, Іле өзенінің сағасы мен Балқаш көлінің оңтүстік жағасы ыңғайлы деген шешімге тоқтадық. Осы өңірді ұнғылшұңғылына дейін барлап, Қазақстан ғылым академиясының зоология институтымен бірлесіп үлкен есеп әзірледік, — дейді эколог.

Оның сөзінше, Іле-Балқаш өңірінде халық аз, бір шаршы шақырымға екі адамнан айналады. Экожүйесі де жолбарысқа қолайлы. Жеті мың шаршы метр аумаққа 40-55 жолбарыс әкелінсе, теория бойынша жарты ғасыр ішінде 64-98 басқа дейін көбейту әбден мүмкін екен.

Жолбарыс жайлаған жерде жемтік мол болуы керек. Сондықтан резерватқа тұяқты жануарлар топ-тобымен апарылған. Тарғыл шерінің негізгі қорегі — қабан мен кермарал. Сарапшылар Іле өзенінің сағасында үш мыңнан астам жабайы шошқа барын анықтаған. Бірақ ол жеткіліксіз. Алып денелі, алапат күшті жыртықшы еттен тарықпауы үшін қабан саны 30-50 мыңға жетуі керек, қазір бұл бағытта жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатыр. 2018—2024 жылдар аралығында қорыққа 200-ден аса тоғай бұғысы, 100-ден аса құлан көшірілді. Орманды өрттен қорғау, өсімдіктер дүниесін байыту бағыты да басты назарда. Себебі бой тасалайтын жиделі тоғайы, қалың қамысы болмаса, жолбарыс ешқашан жерсінбейді. Биологтардың сақтау қауымдастығының ғылым жөніндегі директоры Сергей Скляренконың пікірінше, бөрінен бұрын резерваттың экожүйесін сауықтырған дұрыс.

— Осы жобаның аясында қаншама шаруа бітті, алда атқаратын жұмыстар әлі де көп. Ең алдымен резерватқа судың жеткілікті мөлшерде баруын қамтамасыз етуге тиіспіз. Іргелес жатқан шаруашылықтар суды жөн-жосықсыз ысырап қылады. Соған тосқауыл қоюға кірістік. Өртпен, орман ағаштарын заңсыз отаумен күресуіміз керек. Бұл — бір күннің, бір жылдың жобасы емес, миллиондаған ақша тұратын қымбат жоба, — дейді зоолог. Бағдарлама барысында Іле өзенінің арнасына ерекше көңіл бөлінеді. Қытай мен Қазақстанның суды пайдалану мөлшері қатаң бақыланады. Өйткені Іле-Балқаш бассейнінде су деңгейі төмендесе, орман-тоғай қуарып, жолбарыстың өмір

сүретін ортасы тозады. Балқаш көлі тарытылып, Іле өзенінің атырауы құрғаса, осы уақытқа дейін инфрақұрылымға, азық базасына, логистикаға жұмсалған миллиондаған қаржы желге ұшып, есіл еңбек еш кетеді. Қытаймен Іле суын тұтыну мәселесін келіскенде «Жолбарыс бағдарламасы» басты уәжіміз болуы ықтимал.

2024 жылы Қазақстанға Нидерландтағы хайуанаттар бағынан Богдана мен Кума деген екі жолбарыс әкелінді. Ол екеуі қолда өскендіктен, жабайы ортада аң аулап үйренбеген, сол себепті ашық табиғатқа бірден жіберілмейді. Есесіне, осылардан туған шөңжіктер адам көзінен таса жерде бағылып, өз қорегін өзі тауып жеуге дағдыланады. Есейген соң еркіндікке шығады. Биыл 28 мамырда Іле-Балқаш резерватына Ресейдің киыр шығысынан тағы да төрт Амур жолбарысы жеткізілді. Еуропадан келген алдыңғы жұптан айырмасы, бұл төртеуі — тайгадан ұсталған, аң аулау түйсігі қалыптасқан жыртықшытар. Алты жолбарыстың да жобаны жүзеге асырудағы маңызы жоғары.

Айтпақшы, жолбарыстар жергілікті тұрғындардың мал-жанына қауіп төндірме деген сұрақ бар. Мамандар оны да ойластырған.

— Жолбарыс ғасырлар бойы осы өңірде өмір сүрген. Олар адамнан қорқады, жайдан-жай біреуге тиіспейді. Малға шапса, жолбарыс өлтірген түліктің әр басы үшін өтемақы төленеді. Жолбарыстың оралуы халыққа пайдалы. Мысық тұқымдас жыртықшы бар жерден қасқырлар қашады. Ал қасқыр жеген малға өтемақы төленбейтіні анық. Сонымен қатар әр жолбарыстың мойнына жерсеріктен басқарылатын қарғыбау тағып, қайда жүргенін қадағалаймыз, — дейді WWF Ресей өкілдігі Орталық Азия бағдарламасының директоры Григорий Мазманянц.

Қорытып айтқанда, жолбарысты жерсіндіру жай ғана экологиялық бағдарлама емес. Бұл — мемлекеттің бағдарлу жүйесі, стратегиялық көрегендігі, жаһандық міндеттемелерді орындау қабілеті безбенге түсетін сынақ. Демек, еліміз тарихи миссияның табылдығына тұр десек, қателеспейтіні шығармыз.

11 МАУСЫМ 2026 | БЕЙСЕНБІ

# ӨНДІРІС ҚАЙТСЕ «ӨКІНІШТЕН» АРЫЛАДЫ?



Өңір БАЛТАҚЫЗЫ (КОЛАЖ)

Қазақстанда жұмыс орнындағы жазатайым оқиғалар және өндірістік жарақаттану мәселесі өткір тұр. Бұған қоса, жұмыс берушілердің оны жасыру фактілері тіркелген. Сондықтан Президенттің тапсырмаларын орындау мақсатында Үкімет өндірістегі еңбекті қорғау жүйесін нығайтатын реформаларды бастады. Бұл жұмыс өндірісте зиянды және қауіпті жағдайларда жұмыс істейтін 479 мың қызметкерді қамтитын іс-шаралар кешенінен тұрады. Бүгінге дейін жасалған жұмыстар не берді және алдағы уақытта еңбек жағдайын жақсарту үшін қандай нақты қадамдар жасалады?

## Айхан ШӘРІП

### ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН ЖАЛТАРУ – ЗАҢҒА ДА, АРҒА ДА ЖАТ

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Асқарбек Ертаевтың дерегіне, өңірлер бөлінісінде зиянды жұмыстармен айналысатындардың ең көп саны кенді Қарағанды (84 мың), Павлодар (57 мың), Шығыс Қазақстан (42 мың) және мұнайлы Маңғыстау (43 мың) облыстарында шоғырланған. Мәселен, электр энергиясымен, газбен жабдықтау саласында 40 мың адам жұмыс істейді: бұл – еңбек жағдайлары қауіпті саналатын жұмысшылардың жалпы санының 8,5%-ы.

Қазақстанда зиянды және қауіпті жұмыстарда істейтін жұмысшылардың саны 479 мың адамды құрайды. Экономика салалары бойынша зиянды және қауіпті жұмыстарда істейтін жұмыскерлердің 61%-ы өнеркәсіп саласында еңбек етіп жатыр. Еңбек қауіпсіздігіне әсер ететін проблеманың бірі өндірістік жарақаттануды жасыру болып тұр, – дейді министр. Әлдебір адам жұмыс кезінде мертікпесе, ТЖ болса, компания жетекшілері тиісті орындарға хабар жетпеуі, сырдық сыртқа шықпауы, «бас жарылса – бөрік ішінде, кол сынса – жән ішінде» қалуы үшін қолдан келгенін бәрін жасайды.

Еңбек инспекторларына мұн-зарын жеткізгендердің хаттары адам тағдырының қалай ойыншыққа айналғанын айқайтайды. Жұмыс орнында ауыр жарақат алып, төсекке танылған жұмысшының ем-домын қаржыландыру үшін басшылар құзырлы орындарға арызданбауды басты шарт ретінде қояды екен. Тіпті, қасірет құшқан отбасыларға көмек қолын созу үшін де осындай безбүйрек келісімдер ұсынылып, шындықтың үнін өшіртуге тырысады. Заннан араша іздеуге бел буандарға: «Бәрібір түк өңдіре алмайсыңдар, біздің зангерлер істі ұзақ жылдық созбалаңға салады, ол арада құрылтайшылар ауысып, кәсіпорын қайта тіркеледі

де, ескі күннің кінәсі үшін ешкім жауап бермейді», – деп айбар шегеді екен.

Еңбекминінің пайымдауынша, мұның бәрі жұмыс берушілердің жауапкершіліктен жалтаруына, жұмыскердің әлеуметтік қорғалмауына, кепілдендірілген әлеуметтік төлемдердің берілмеуіне соқтырады. 2026 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша жұмыс берушілердің өндірістік жарақатты жасыруының 39 фактісі тіркелген. Бұл тек өшкереленгені ғана. Экономика салалары бойынша жасырылған жарақаттану фактілерінің дені – қызмет көрсету саласында (18 жағдай), өңдеуші өнеркәсіпте және құрылыс саласында (5 жағдайдан). Аймақтар арасында жасырылған жарақаттанудың ең көбі Атырау облысында (10 жағдай), Астана-да (7) және Ақмола облысында (6) тіркелді.

### ЖҰМЫСШЫ ТАҒДЫРЫ – ТҮТАС ЖҮЙЕНІҢ АЙНАСЫ

Еңбек заңнамасын сақтау және азаматтардың еңбек құқықтарын қорғау мақсатында 2026 жылы мемлекеттік еңбек инспекциясы 2,4 мыңнан астам жоспардан тыс тексеру жүргізді: 2,8 мыңға жуық бұзушылықты анықтады. Орындауға міндетті 1 630 нұсқама берілді. Қабылданған шаралар нәтижесінде 22 мыңнан астам жұмыскердің еңбек құқықтары қорғалыпты. Сондай-ақ министр Асқарбек Ертаев 2024 жылдан бері өндірістегі жазатайым оқиғалар саны 4,5%-ға төмендеді деп отыр. Соның ішінде өлімге соқтырған жазатайым оқиғалар саны 7,9%-ға азайыпты. Зардап шеккендердің ең көп үлесі тау-кен металлургия кешені (16%), құрылыс саласы (10%) және мұнай-газ секторы (5%) кәсіпорындарында байқалады. Бірақ қанша оқиға жасырын қалғаны белгісіз.

Осы орайда «Қазмырыш» компаниясының 6-разрядты шпур бұрғылаушысы, шығысқазақстандық Владимирдің (есімі өзгертілді) оқиғасы жаға ұстатады. Оның өңгімелеуінше, бірер жыл бұрын өндірістік тапсырмаларды орындау барысында

жазатайым оқиға орын алды: кен қабаты опырылып, Владимир үйіндінің астында, тау-кен қазындысының қуысында қалып қояды. Іздестіру-құтқару жұмыстары екі күнге созылды.

«Қантарда 40 сағат бойы тас қараңғыда, оттегінің таусылуы, улы газдардың жоғары шоғырлануы жағдайында жаттым. Галлюцинация басталып, небір үрейлі «көріністер» азап шектім. Айналам – құрамында сілті мөлшері жоғары мұздай батпақ. Суық бойды қарып баралды. Амансыз, ара-тұра бұтыма зәр жіберіп, бойымды шамалы болса да жылытуға тырыстым. Құрдым батпаққа батып кетпеу үшін үнемі тросты жабыса ұстап тұруға тура келді. Құтқару үшін мен тұрған тұста 8 жарылыс иісі жүргізілді, бұл контузияға өкпе соқты. Соңғы жарылыстан кейін есту қабілетімнен айырылдым», – дейді Владимир.

Бастапқыда Қазақстанда «орташа ауырлық дәрежесіндегі жалпы ұсу» деген «қарапайым» диагноз қойылыпты. Шахта астындағы сұмдық болмағанды, базбір далада мас болып құлап, сәл-пәл үсіп қалғанды. Бірақ жағдайы ауыр болғандықтан, жұмыс беруші зардап шеккен жұмысшының Ресейде, кейін Израильде емделуі шығындарын өз мойнына алған. Ондағы дәрігерлер науқастың «денсаулығына ауыр дәрежелі өндірістік жарақат санатына жататын зақым келгенін» куәландырған. Алайда шетелдік мамандардың тұжырымдары қабылданбапты. Себебі Владимир жер бетіне шығарылғаннан кейін қалалық ауруханаға жеткізіліп, артынша жедел жәрдеммен облыстық ауруханаға жөнелтілген. Әйткенмен, ертесіне-ақ ол ауруханадан шығарылып, өз бетімен үйіне оралған.

Зардап шегушінің айтуынша, шетелдік дәрігерлер қазақстандық әріптестерінің нәліктен диагноздардың бәрін бірдей көрсетпегеніне таң-тамаша қалған. Қалалық аурухананың жолдамасында «сырқаттың есі дұрыс, сурақтарға анық жауап берді» деп жазылыпты. Бірақ Владимир қандай сауалдар қойылып, оған не дегені өзі білмейді.

«Мен сурақтарға анық жауап берген болсам, онда 40 сағат бойы қандай жағдайда болғанымды, мені құтқару үшін үстімнен жарылыс жұмыстары жасалғанын, 2 күн сусыз, тамақсыз, құрғақ киімсіз зиянды батпақта жатқанымы, оттегінің аз болғанын және басқанын егжей-тегжейлі айтып беруім керек қой? Ауру анамнезі жедел жәрдем бригадасының сөзінен құрастырылған. Бригада менімен бірге үйінді

астында жатты ма? Менің түсініктемелерім қайда? Нәліктен сот-медициналық сараптама жүргізілмеді? Маскарасы сол, қалалық аурухананың эпикризінде жарақаттың өндірістік екені көрсетілмеген», – дейді Владимир.

Ол емделу жолында арпалысып жүргенде, арада біраз жыл сырғып өте шыққан. Елге оралған соң жедел жәрдем қызметінен – құтқарылған сәттегі жағдайы және ауруханалардан – қандай медициналық әрекеттер жасалғаны сипатталған барлық құжаттың сұратқанда, олардың 2 жыл ғана сақталып, жойылғаны жөнінде жауап алыпты. Зардап шегуші: «қалалық және облыстық аурухана дәрігерлері дер кезінде тар бейінді мамандарын тез жұмылдырып, тиісті көмекті толыққанды көрсеткенде, денсаулыққа сонша ауыр зақым келмеген болар еді», – деп өкінеді. Енді Владимирдің ғұмыры таусылмайтын ем-доммен өтпек. Сұмдық болғанда, eGov.kz жүйесінде оның басынан өткен бұл қасірет «тұрмыстық жарақат» деп таңбалаыныпты. Бұдан шығатын қорытынды: өндірістегі апаттардың талайы, өндірістік жарақаттардың үлкен бөлігі осылайша көзбояушылықпен бүркемеленіп, тасада қалып жатса керек.

### ЕҢБЕК МӘДЕНИЕТІ – ЕЛДІКТІҢ БЕЛГІСІ

Еңбек министрлігі жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғаудың бір тетігі ретінде оларды сақтандыру жүйесімен қамтуды ендіріп жатыр. «Жұмыскерлерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандырумен 174 мың кәсіпорынның 118 мыңы (68%-ы) қамтылды. Еңбек заңнамасын бұзушылықтың алдын алу мақсатында 170 профилактикалық бақылау тексеруі жүргізілді», – деп атап өтті министр А.Ертаев.

Мұның сыртында әлеуметтік шиеленісті уақытлы анықтау және еңбек жанжалдарының алдын алу мақсатында министрлік Еңбек тәуекелдері картасы арқылы әлеуметтік-еңбек саласының мониторингін жүргізеді. Мониторингпен 98 мың кәсіпорын қамтылған. Тәуекел деңгейін бағалау нәтижелері бойынша жоғары тәуекел санатына – 2 мың 300 кәсіпорын, орташа тәуекел санатына 3 мың 200 кәсіпорын кіреді. Министр бұл қартаның алдын алу шараларын қабылдауға және еңбек жанжалдарын болдырмауға көмектесетініне сендірді. Бірақ оның әлі де шикі екені анықталды. Олқылықты жою үшін министрлік Еңбек тәуекелдері картасын Қаржы, Әділет, Денсаулық министрліктерінің, Бас прокуратураның ақпараттық жүйелерімен интеграциялауы қажет.

А.Ертаевтың мойындауынша, жұмыс берушілер еңбекті қорғауға үсірт-формалды қарайды. Бұдан бөлек, жеке қорғаныс құралдары мен құрал-жабдықтарымен уақытты қамтамасыз етпеуі, ескірген жабдықты пайдалануға беруі және басқа проблемалар бар. Алысқа бармай, Астана және өзге ірі қалалардың көшелерінде клинкерлік кірпіш қалап, бордюр орнатып, тротуар тақталарын төсеп жүрген жұмысшыларды жиі көреміз. Олардың ешқандай қорғаныш құралынсыз, бет-аузын орамалмен ғана танып немесе оны да жасамай, қыш кірпіштерді «болгаркамен» бұрқырата кесіп жатады. Қолқаны қабар қою шанның ортасында тұншыққан ол жігіттердің сонда өкпесінен не қалады?

Айтпақшы, Төтенше жағдайлар министрі Шынғыс Әріновтің түсіндіруінше, қауіпті

өндірістік нысандарды бақылау үшін ЖИ технологиялары қолданыла бастады. Елде өнеркәсіптік қауіпсіздік шаралары нығайтылып, өндірістік бақылауға, кәсіби авариялық-құтқару қызметтерін аттестаттауға қойылатын бірқатар талап күшейтілді, тозған жабдықты уақтылы жаңарту жоғары келісу міндеті белгіленді.

Елде қауіпті өндірістік орындардағы адам өлімі 2,5 есеге, жарақат алу 25%-ға азайды. Осы жылдың 5 айында бақылаудағы нысандарда 43 оқиға, 13 авария тіркелді, оның ішіндегі 10-ы бойынша тергеу аяқталды. Жұмысшылар қаза болған «Востокцветмет» шахтасында және «Қазмырыш» зауытында орын алған екі ірі авария бойынша тергеу жүргізілді. Алдын ала болжам бойынша «Востокцветмет» шахтасындағы аварияға тау-кен жұмыстарын жобалық құжаттама талаптарын бұзып жүргізу және жұмыс өндірісінің тиісті деңгейде ұйымдастырылмауы себеп болған, – делі Шынғыс Әрінов.

Ол «Қазмырыш» зауытындағы жарылыс технологиялық процестің бұзылуы салдарынан болды деген болжады. Бұған дейін осы нысандардың техникалық құжаттамаларға сай келмеуі, техникалық құрылғылардың мерзімін ұзарту сараптамаларының болмауы, жобалық құжаттамадан ауытқу, өндірістік бақылаудың әлсіздігі, сондай-ақ тозған жабдықты уақтылы ауыстырмау сияқты өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының бұзылуы анықталған. ТЖМ басшысы тергеу аяқталған соң кәсіпорындарға қатысты тиісті шаралар қабылданатынын уәде етті.

Министрдің мәліметінше, былғы 5 айда тексерілген кәсіпорындарда 10 мыңнан астам өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының бұзылуығы анықталды. Өтпүрлі санаттағы 523 қызметкер өкімшілік жауапкершілікке тартылды. 62 млн теңге айыппұл салынды. Қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін өрескел бұзушылықтар анықталған 600-ден астам нысан мен техникалық құрылғылардың жұмысы тоқтатылды. Алайда министр жекелеген кәсіпорындар енгізілген шектеулерді елемей, ТЖ қауіпін арттырып, өз жұмысын жалғастырығанына шағымданды.

Цифрландыру аясында ЖИ енгізу арқылы «e-TJM» бірыңғай цифрлық платформасы әзірленіп жатыр. Жүйеде қауіпті өндірістік нысандарды есепке алу және авариялар мен жарақат алудың деректер банкін, бизнес-процестерді автоматтандыру, сондай-ақ нысандардағы қауіп-қатерлерді болжау көзделді. Былтыр Президент тапсырмасымен 55 шахта мен кенорны тексерілді. 45 нысандар жана қауіпсіздік жүйелері орнатылды. 14 шахта мен кенорнындағы бейнебақылау және позициялау жүйелері министрліктің Дағдарыс орталығына қосылды, – делі министр Ш.Әрінов.

Үкімет техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алуға және өндірістегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған саясатты жүзеге асыру жұмыстары жалғасатынын мәлімдеді. Айта кету керек, Мемлекет басшысы саурде қауіпсіз еңбек жағдайларын жетілдіру және жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғау мәселелері туралы заңға қол қойды. Осы және басқа шаралар жұмыскерлердің құқығын сақтауға, еңбекті қорғауға пәрменді ықпал етсе жөн. Өндірістік жарақаттануды, қайғылы жағдайларды азайту тек заңның қатандығына ғана емес, оның іс жүзінде мүлтіксіз орындалуына да тікелей байланысты болмақ.

## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Өзбекстан Республикасының Ташкент облысында Түркістан және Ташкент облыстары кәсіпкерлерінің қатысуымен «Шекарасыз ынтымақтастық» атты халықаралық бизнес-форум өтті. Ауқымды іс-шараға Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров бастаған ресми және бизнес-делегация қатысып, екі өңір арасындағы сауда-экономикалық, инвестициялық және туристік байланыстарды дамыту мәселелері талқыланды.

### Назгүл НАЗАРБЕК, Түркістан облысы

Форумға екі елден 200-ге жуық кәсіпкер, инвестор, мемлекеттік органдар мен бизнес қауымдастықтарының өкілдері қатысты. Басқосуда бірлескен өндірістер ашу, инвестициялық жобаларды жүзеге асыру, экспорт көлемін арттыру, көлік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту және шекара маңындағы ынтымақтастықты күшейту мәселелері кеңінен сөз болды.

Іс-шара барысында Ташкент облысының хокімі Зойир Мирзаев пен Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров құттықтау сөз сөйлеп, Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы достық пен стратегиялық әріптестіктің өңірлік деңгейде нақты нәтижелер беріп отырғанын атап өтті. Зойир Мирзаев өз сөзінде екі ел президенттері жүргізіп отырған саясаттың арқасында қазақ-өзбек ынтымақтастығы жаңа кезеңге аяқ басқанын айтты. Оның пікірінше, тарихи тамыры ортақ, рухани байланысы берік екі халықтың өзара қарым-қатынасы бүгінде өңірлік тұрақтылық пен экономикалық дамудың маңызды факторына айналып отыр.

Өз кезегінде Нұралхан Көшеров форумның өңіраралық ынтымақтастықты тереңдетудегі маңызына тоқталып, Түркістан облысының инвестициялық мүмкіндіктерін таныстырды. Облыс өкімінің айтуынша, бүгінде өңірде жалпы инвестиция көлемі 6 миллиард АҚШ долларын құрайтын 122 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Ауыл шаруашылығы, тамақ өнеркәсібі, тоқыма өндірісі, логистика және туризм салалары қарқынды дамып келеді. Сонымен қатар Түркістан облысында инвесторларға қолайлы жағдай жасау бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Қазір өңірде жалпы аумағы 1 960 гектарды құрайтын 21 индустриялық аймақ және көлемі 1 400 гектар болатын арнайы экономикалық аймақ жұмыс істейді. Бұл алаңдар қажетті инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген және кәсіпкерлерге түрлі салықтық әрі кедендік жеңілдік ұсынылады.

Форум барысында Қазақстан мен Өзбекстан мемлекеттері басшыларының қолдауымен жүзеге асырылып жатқан «Орталық Азия» халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығы жобасының маңыздылығы ерекше аталды. Сарапшылар бұл жобаны екі ел арасындағы өнеркәсіптік



байланыстарды нығайтып, өңірлік экономикалық интеграцияны жеделдететін маңызды бастама ретінде бағалады. Іс-шара аясында Түркістан облысының индустриялық аймақтары мен өндірістік парктерінің мүмкіндіктері таныстырылып, Ташкент облысындағы инвестициялық алаңдардың әлеуеті туралы мәліметтер ұсынылды. Сонымен қатар туризм саласындағы әріптестікті дамыту мәселелері қаралып, Түркістан мен Ташкент облыстарының туристік маршруттарын бірлесіп дамыту бойынша ұсыныстар талқыланды.

Жұмыс сапары барысында Түркістан облысының делегациясы Ташкент өңіріндегі бірқатар стратегиялық нысанды аралады.

Делегация жоғары технологиялар өндірісі, өнеркәсіп, шикізатты терең өңдеу және туризм салаларындағы озық тәжірибелермен танысты. Атап айтқанда, делегация Алматы қаласындағы мыс байыту фабрикасының жұмысымен танысып, өндірісті жаңғырту бағдарламалары туралы ақпарат алды. Сондай-ақ Ахангарон ауданындағы климаттық техника өндіретін Premier Electrotech бірлескен кәсіпорнында болып, заманауи технологиялардың енгізілуі барысын көрді.

Бұдан бөлек, делегация технопарк аумағында орналасқан жартылай өткізгіш технологиялар өндірісін аралады. Мұнда SIM-карталарға, банк карталарына,

электрондық жеке куәліктер мен әлеуметтік карталарға арналған микропроцессорлық чиптер шығарылады. Кәсіпорынның қызметі цифрлық технологияларды дамыту мен импортты алмастыру бағытындағы маңызды жобалардың бірі ретінде бағаланды. Өңір басшысы сондай-ақ раушан гүлдерін өсіретін ірі тұқымбақтардың біріне барып, гүл шаруашылығындағы заманауи технологиялармен танысты. Кездесу барысында өндірістік тиімділікті арттыру және экспорттық әлеуетті күшейту мәселелері талқыланды. Мұндай тәжірибе Түркістан облысында гүл шаруашылығын дамытуға және жана инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға ықпал етпек.

Форум қорытындысы бойынша, жалпы құны 19,3 миллион АҚШ долларын құрайтын меморандумдарға қол қойылды. Соның ішінде «Қазкрахмал» ЖШС мен Өзбекстанның Right to Win компаниясы арасында 5 миллион АҚШ долларына келісім жасалып, жүгерінің терең өңдеу арқылы алынатын крахмал және өңір өнімдерін Өзбекстан нарығына жеткізу жөнінде уағдаластыққа қол жеткізілді.

Халықаралық бизнес-форум екі өңір арасындағы экономикалық байланыстарды жаңа деңгейге көтеріп, кәсіпкерлерге жана мүмкіндіктер ашуға, инвестициялық әріптестікті нығайтуға және өзара тиімді жобаларды жүзеге асыруға берік негіз қалады. Сарапшылардың пікірінше, мұндай кездесулер Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы стратегиялық серіктестікті одан әрі тереңдетіп, Орталық Азиядағы өңіраралық ықпалдастықтың дамуына тиім серпін береді.

Нурилла АМАНҒАЛИҚЫЗЫ, профессор:

## ПАЛЛИАТИВ СӨЗІНЕН ҚОРҚУДЫҢ ҚАЖЕТІ ЖОҚ

Медицина мамандары паллиатив көмек беру талаптарын әлемдік стандарттарға сәйкес қайта қарастыруды үнемі айтып келеді. Паллиатив көмек – жазылмайтын ауруға шалдыққан адамдардың өмір сапасын арттырып, ауруын жеңілдетіп, жан-жақты жәрдемдесу. Өкініштісі, елімізде паллиатив көмек балаларға лайықты түрде берілмейді, тіпті осы уақытқа дейін паллиатив көмекті нақты кімдер алатыны белгісіз күйде еді. Жақында осы салаға қатысты заңға жаңа өзгерістер енді. Өзгерістердің қандай маңызы барын Денсаулық сақтау министрлігінің штаттан тыс бас педиатриялық паллиативтік көмек маманы, Астана медицина университетінің Анестезиология, қарқынды терапия және шұғыл жедел жәрдем кафедрасының профессоры Нурилла Аманғалиқызынан сұрап білдік.

— Паллиатив көмек беру туралы заңдағы өзгерістер жайлы толығырақ талдап айтсаңыз. Жалпы, ересектер мен балаларға арналған паллиатив көмектің айырмашылығы қандай?

— 2025 жылы 18 желтоқсанда енген паллиативтік көмек беруге қатысты заңда балаларға қатысты арнайы стандарт бекітілді. Отыз жыл балаларға толық көңіл бөле алмадық. Балаға да, ересекке де, бөріне жалпы бір бұйрық болған. Бүгінде балаларға паллиатив көмек беруді тағайындаймыз десек, ата-ана бірден уайымға салынып, ашуға мінеді. «Болды, паллиативке ауысса, бөрі бітеді. Науқасқа көмек берілмейді» деген түсінік қалыптасқан. Иә, науқаста декомпенсация басталса, аурухана қарамай, кей жағдайда ем жүргізуді тоқтатуы мүмкін. Декомпенсация — ағзаның аурулар немесе жүктеме салдарынан бұзылған функцияларды өздігінен қалпына келтіру қабілетінен айырылуы, яғни науқастың жағдайының күрт нашарлауы. Кодексте паллиатив көмек инокурбельді пациентке (ем қонбайтын науқас) жүргізілмейді деп жазылған. Ал ата-аналар баламызды паллиативке шығарса, ем болмайды, ештеңе қарастырылмайды деп түсінеді. Балаға қарағанда, ересектер онкологиялық ауруға жиі шалдығатынын білесіздер, осы жағдайда науқастың денсаулығы қатты нашарласа, емхана қарауға алмайды. Біз 2 жыл бұрын балалардағы жағдай басқаша екенін дәлелдеп шықтық. Ересектерде онкологиялық аурулар жиі кездесе, балалар көбіне-көп неврологиялық ауруларға шалдығады. Әсіресе, бұл қатарға ДЦП, эпилепсия, орфандық (сирек кездесетін) аурулар кіреді, сол себепті балаларға басқаша қарауымыз керек. Қазақстан балаларына паллиативтік көмек көрсету қауымдастығы мен Қарағанды медицина университеті бірігіп, осыған орай ғылыми жұмыстар жүргізді. Соның нәтижесінде паллиативтік көмек көрсету үшін нақты медициналық көрсеткіштерді бар аурулардың тізімін дайындады. Осы уақытқа дейін мұндай тізім болған емес. Қандай науқасқа паллиатив көмек беруге болатынын ешкім де білмеген.

— Қандай ауруға шалдыққан балаларға паллиатив көмек беріледі? Басқа қандай өзгерістерді атап айта аласыз?

— Заңға енгізген 21 нозологиялық топ бар, оның қатарына адамның иммунитеті тапшылығы вирусынан туындаған аурулар, эндокриндік жүйе аурулары, тамақтанудың бұзылуы және зат алмасудың бұзылуы, кант диабеті, нерв жүйесінің аурулары, туа біткен даму ауытқулары т.б. бұзылыстар жатады. Қазір медициналық мекемелер бірінші стандартқа көшіп, жұмысы әлдеқайда жеңілдеді. Паллиатив көмек беру жайында медицина саласының қызметкерлерінің ішінде де қате түсінік қалыптасқан, енді ғана аймақ-аймаққа офлайн, онлайн форматта түсіндіру жұмысын жүргізіп жатырмыз. Ең бастысы, паллиатив көмек дегеннен қорықпау керек. Ендігі мақсатымыз — кодекстегі паллиатив көмек туралы анықтамаға өзгеріс енгізу. Кодексте ем қонбайтын науқастарға паллиатив көмек беріледі деп жалпылама жазылған, негізінде, балаларға мүлде бөлек қарастырылады. Балаларға берілетін паллиатив көмек — медициналық реабилитациялық көмек. Балаларға реабилитациялық көмек үзбей беріледі.

Екінші өзгеріс, паллиатив көмек алатын науқастардың стандартқа сай категориясын бекіттік. Науқасқа бірінші, екінші категория берілсе, ары қарай емін үзбей жалғастыра беріледі. Егер де пациенттің жағдайы нашарлап, ауруына байланысты декомпенсация толығымен жүретін болса, үшінші-төртінші категорияға жатады. Бұл кезде ұзақмерзімді паллиатив көмек беріледі. Бастысы, қандай категорияда патогенетикалық емді тоқтататынымызды анықтап алдық.

— Паллиатив көмек тек медициналық көмектен тұра ма? Көмекке мұқтаж жандардың жақындары да қатты қиналары анық, оған психологиялық қолдау қажет емес пе?

— Паллиатив көмек тек ем-шара емес, көмектің өзі төрт бағыттан тұрады: медициналық, әлеуметтік, психологиялық және

рухани көмек. Көбінде ем-шарамен шектеліп қаламыз, алдымен ата-анаға психологиялық көмек керек. Ата-анаға ауруды қабылдаудың өзі қиын. Балада осындай ауру бар, біз заманауи медициналық көмектің бәрін ұсынғанымыз дейміз. Өкініштісі, бұл аурулардың емделмейтінін ата-анаға түсіндіріміз керек. «Ата-ана неге ем жасамайсыздар, дәрі-дәрмектің дозасын неге көбейтпейсіздер» деп ашуға бой алдырып жатады. Әр дәрінің бір жағынан көмегі тисе, екінші қырынан ішкі ағзаларға зияны бар. Науқастың жағдайы қатты нашарлағанда, антибиотик қолдануға болмайды. Бауыр жұмысы нашарлап, ісініп жатқанын байқасақ, қурысуға қарсы препараттардың дозасын азайтуға тура келеді. Бауыр жұмысы бұзылса, өзге факторларды синтездей алмайды, іштен қан кету болуы мүмкін. Онда баланың жанын сақтап қалу қиынға соғады, осының бәрін түсіндіріп айтуымыз керек.

Одан соң ата-ана ауырған баласына көңіл бөліп, өзге балалары назардан тыс қалып қояды. Қалған баласы бізге мән бермейді деп сыртқа айта алмай, іштен тынады, бұл кезде де психологиялық көмек керек. Әлеуметтік көмек беру де өте маңызды. Қоғамдық денсаулық сақтау, Әлеуметтік қорғау басқармасының мамандарымен байланыстамыз. Арнайы әлеуметтік қызметкерлер бар, мысалы мына аумақта паллиатив көмекке мұқтаж бала бар. Осындай жағдайда аналар балаға күтім жасап, ешқайда шыға алмайды. Шыдамай, отбасын тастап кеткен әкелер де көп. Ана баламен қалып қояды, не жұмыс істей алмайды. Бір мақсатымыз — әлеуметтік қызметкерлерді паллиатив көмек беруге лайықтап оқытып шығару. Баланың анасы 2-3 сағатқа сыртқа шығып, көршімен әңгімелесе де, үлкен қолдау болар еді. Егер науқастың уақыты да жақындап келе жатса, отбасы үшін рухани көмек керек. Бала ауруханада жатса, молда шақырып, дем салдырып, басқа да тырыстар жасауға, арғы өмірге дайындауға мүмкіндік береміз.



— Паллиатив көмек алатын балалардың өзге балалар секілді мектепке барып, білім алуына бола ма?

— Тағы да айтамын, паллиатив дегеннен қорықпандар деймін. Бірінші, екінші категорияға жататын науқастар вербальді қарым-қатынас жасай алады, білім алуға, дамуға мүмкіндігі бар. Мысалы, арбамен жүретін балалар бар, үйде отыруға мәжбүр, бірақ оқуы жап-жақсы. Бұл балалар көп уақыт арбада отыра алмайды, сондықтан төсекте жатып, демалдырып отыру керек. Бүгінде «Келешек мектептері» көптеп салынып жатыр, мектеп жоспарын жасағанда, балаларға демалуға арналған бірнеше жеке бөлме қарастырылған. Осыған байланысты тиісті министрліктерге ұсынысымызды жеткізіп жатырмыз.

Бір жарым жыл бұрын жүйке-бұлшықет ауруына шалдыққан 13 жастағы балаға консультация жүргізуге үйіне бардым. Анасы сап-сау баламның жағдайы күрт нашарлап, арбаға танылды, тамақ та ішпей қалды делі. Оған бұрын өздігінен жүріп-түріп, сабаққа да барып жүрген екен. Кейін ол интернеттен диагнозы жайлы қарап, ақынса, не болатынын, емделмейтінін түгелдей түсінген. Соның әсерінен ауруға беріліп, бәрін тастап жіберген. Осы кезде балаға мектептегі ұстаздары, психолог дер кезінде қолдау бергенде ғой дейсің... Мектепте балаға допты арбадан болса да лақтырып, баскетбол тақтасын төмен орнатып, қолда бар мүмкіндікті жасау керек. Бала бір жыл әлде он жыл өмір сүре ме, қалай болса да, лайықты жағдай сыйлауға тиіспіз.

Бүгінде диспансерлік есепке алуға паллиатив көмек алатындардың да тізімін енгізуді бастап жатырмыз. Бүгінге дейін балалардың бөлек тізімі болған жоқ. Енді базаға әр науқасты категориясына қарай сәйкестендіріп, толық есебін дайындап, министрліктерге жібереміз. Ақпарат және мемлекеттік әлеуметтік даму министрлігіне де ұсыныстар айтып жатырмыз. Балалардың өнер-білімге қызығушылығын оятып, көңілін ауласақ, ата-ана да сәл жеңілдеп қалады.

— Саладағы мәселелерді реттеп, оңтайлы мүмкіндіктер табу үшін де қыруар қаржы

керек. Әлемдік озық үлгіге қашан жетеміз деп ойлайсыз?

— Паллиатив көмектің америкалық, еуропалық т.б. стандарты бар, алайда бұл медициналық көмек түрін Польша үкіметінен басқа еш мемлекет қаржыландырмайды. Басқа елдерде қайтырымдылық қорлары жұмыс істейді, меценаттар қомақты ақша салып, қаржыландырып отырады. Сол қолдаудың арқасында науқастардың ақылды үйлер салынып, үйге жағдайындағы аппараттар алынады. Кейбір өріптестерімнің өзі осы стандартқа көшсек деп армандайды, бірақ шетелмен салыстыру әзірге ақылға қонбайды. Отандық кәсіпкерлер де шетелдік үрдіске қарап, бой түзер деген үмітіміз бар. Біз тек балалардың дұрыс тамақтануына қаржы сұрап, беделді кәсіпкерлерге хат жазып, көмек сұрасақ, көбі ұсынысымызды қолдағысы келмейді. Себебі — тағы да паллиатив көмектің не екенін түсінбеуі. «Бұл балалар ерте бөрібір өледі ғой, басқа жобаларға қаржы құйған жөн» деп ойлайды. Иә, бұл топқа жататын ауру түрлері емделмейді. Науқастың бір күні болмаса да, бір күні уақыты келеді. Сонда балалар өмірінің соңғы сәтіне дейін жақсы өмір сүруіне болмай ма? Қазір «Қазақстан халқына» қоры ғана қолдау беріп жатыр, арнайы концепция құрды, соған сәйкес әр аймақта 50 орындық паллиатив орталық ашылмақ. Шымкент қаласында жұмыстар жоспарланып, басталып жатыр.

— Елімізде паллиатив көмек беретін дәрігерлер, әсіресе балаларға арналған мамандар жетіспей жатыр. Осы мәселені қалай реттеуге болады?

— Жоғары оқу орындарында бөлек мамандық ашудың қажеті жоқ. Бұл салада ең маңыздысы — пациентке дұрыс күтім жасау. Терапевт те, педиатр да, невролог та осы салаға мамандана алады. Біз осы бағытқа арналған 60 сағаттық, 150 сағаттық оқу бағдарламаларын да дайындадық. Қарағанды медицина университеті бағдарламаны бекітті, алда басқа жоғары оқу орындарына да ұсынып, бірыңғай стандартқа көшеміз. Медициналық колледждердің медбике ісі бағдарламасында да бұл бағыт кіріктірілу керек.

— Паллиатив көмекке мұқтаж науқастардың санын азайту үшін қандай кеңес берер едіңіз?

— Ең алдымен скринингтік тексеруді күшейту керек. Ауруханамызда бірнеше жүкті әйелге скринингтік ультрадыбыстық зерттеу барысында балада көптеген ақау барын ескертіп айтып едік. Баланы өмірге әкелеміз деп тәуекел етіп, келісім берді, бірақ мынаны ұмытпаңыздар. Біз де, сіздер де бұл жағдайда қиналмайсыздар, бала қиналады. Денсаулық саласына да жасанды интеллект жүйесі енгеніне қарамастан, тек білікті дәрігерлердің кеңесіне сенуге тиісысыздар.

Сұхбаттасқан Айсүлу СЫБЭХАН

### ӘЛЕУМЕТ

Қазақстан қартаю бастады. Бұл — әдеттегідей бірқалыпты, яғни көңіл аударуға тұрарлықтай естілмегенімен, астарында үлкен әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жатқан құбылыс. Көп жылдар бойы еліміз «жас мемлекет» ретінде сипатталып келді. Расында да, туу деңгейі жоғары, жастар үлесі басым ел ретінде біз демографиялық артықшылыққа ие болдық. Бірақ кейінгі жылдары бұл теңгерім біртіндеп өзгере бастады. Сарапшылардың айтуынша, бүгін байқалып отырған үрдістер алдағы онжылдықтарда еңбек нарығына да, зейнетақы жүйесіне де, жалпы экономикалық өсімге де тікелей әсер етеді.

#### Айгүл СЕЙІЛ

Демографиялық қартаю — бұл ең алдымен жетістік. Адамдар ұзақ өмір сүре бастады. Қазақстанда өмір сүру ұзақтығы 75 жастан асты. Әйелдер 79 жасқа дейін, ерлер 71 жасқа дейін өмір сүреді. Алайда осы жетістіктің екінші жағы бар. Туу деңгейі баяу төмендеп келеді. Мысалы, 2021 жылы елімізде 446,5 мың сәби дүниеге келген болса, бұл көрсеткіш 2022 жылы 403,9 мыңға дейін азайып, 2023 жылы тіпті 388,4 мыңға дейін төмендеген. Ал 2024 жылы 365,9 мыңға дейін күрт азайған. Әрине, бұған жастардың отбасын кеш құруы, әлеуметтік-экономикалық жағдайлар да себеп болуы мүмкін. Қайткен күнде де қоғамдағы жас құрылым біртіндеп «ауырлап» барады.

Бүгінде елімізде халық саны 20 миллионнан асты. Оның шамамен 1,9 миллионы — 65 жастан асқан азаматтар. Бұл — жалпы халықтың 9 пайыздан астамы. Ал қартаю индексі 31-ге жетті. Яғни, әрбір 100 балаға шаққанда 31 егде адамнан келеді. Бір қарағанда аса үлкен көрсеткіш емес. Бірақ мәселе оның қарқынды өсіп келе жатқанында. Халықаралық болжамдарға сүйенсек, 2050 жылға қарай Қазақстанда егде жастағылардың үлесі 14 пайызға жуықтайды.

Әзірге Қазақстан Еуропа елдерімен немесе Жапониямен салыстырғанда жас

## ҚАРТЫ БАР ЕЛДІҢ ҚАЗЫНАСЫ БАР...

мемлекет болып қала береді. Мысалы, Жапонияда 65 жастан асқандар 30 пайызға жуық. Германия мен Италияда әрбір төртінші адам егде жаста. Бірақ айырмашылық біреу. Олар бұл кезеңге біртіндеп жетті. Ал Қазақстанда қартаю үрдісі әлдеқайда жылдам жүруі мүмкін.

Қартаюдың ең бірінші соққысы еңбек нарығына тиеді. Қазір Қазақстанда жұмыс күшінің үлесі жоғары. Бірақ уақыт өте келе бұл көрсеткіш төмендейді, яғни жұмыс істейтіндер азаяды. Зейнеткерлер саны көбейеді, кадр тапшылығы күшейеді. Бұл экономиканың өсу қарқынын баяулатуы мүмкін. Өйткені кез келген өсімнің негізі — еңбек ресурсы.

Демографиялық құрылымның өзгеруі зейнетақы жүйесіне де қысым түсіреді. Сараптамалық деректерге сәйкес, 2012 жылы Қазақстанда бір зейнеткер шаққанда шамамен еңбекке қабілетті адам 7,7 болса, 2023 жылы бұл көрсеткіш 5,5-ке дейін төмендеген. Ал 2050 жылға қарай 4 адамға дейін азаюы мүмкін. Бұл еңбек ететін халыққа түсетін жүктеменің арта түсетінін білдіреді. Бұл зейнетақы жүйесіне қосымша жүктеме түсіретіні анық.

Қартаюды тек санмен емес, сапа мәселесі арқылы анықтау керек. Егде жаста созылмалы аурулар көбейеді. Жүрек-қан тамырлары, кант диабеті, онкология — мұның бәрі медициналық жүйеге ұзақмерзімді қысым түсіреді. Демек, Қазақстанға енді тек ауруды емдеу емес, ұзақ өмір сапасын арттыру мәселесіне басымдық беру керек болады.

Бір қызығы, қартаю ел ішінде біркелкі жүріп жатқан жоқ. Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сәйкес, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан және Қостанай облыстарында халық құрылымы айтарлықтай қартаю үстінде. Бұл өңірлерде егде жастағы тұрғындардың үлесі жоғары, ал туу деңгейі төмен. Керісінше, Түркістан, Манғыстау облыстары мен Шымкент қаласы елдегі



Өзге БАЛПАҚЫЗЫ (сәйкес)

ең жас демографиялық құрылымға ие аймақтар қатарында. Орташа жас көрсеткіштеріндегі айырмашылық кей өңірлер арасында 10-12 жасқа дейін жетеді. Жалпы, бұл алшақтық болашақта еңбек ресурстарының тенсіздігіне алып келуі мүмкін.

Qazaq Expert Club-тың әлеуметтік саладағы сарапшысы, әлеуметтанушы Толкын Сәметованың пікірінше, қазақстандағы қартаю үдерісі ең алдымен экономикаға әсерін тигізеді. Салық төлеушілер азайып, әлеуметтік бюджет өседі, бұл мемлекеттің даму жобаларына бөлетін инвестициясын шектейді. Экономика белсенді тұтыну (инновация, гаджеттер, ойын-сауық) пассивті тұтынуға (медицина, дәрі-дәрмек) көшеді. Салдарынан стартаптар мен жаңа бизнес секторы баяулайды.

Сол үшін еліміз дәстүрлі зейнеткерлік моделінен бас тартуға тиіс. «Батыс елдері сияқты қарттарды тек әлеуметтік көмек алушы емес, белсенді экономикалық субъект ретінде қарастыру қажет. Олардың интелектуалды капиталын менторлық пен кеңесшілік бағытта сақтап қалатын жана

еңбек заннамасын енгізу керек. Қазақстан үшін тек бір елдің емес, әлемдік үздік кейстердің синтезі қажет», — дейді ол.

Мысалы, Германия және Жапония үлгісі («Күміс стартаптар»): Бұл елдерде зейнеткерлерді тек демалушы емес, жаңа бизнес көзі ретінде көреді. Жапонияда қарттарға арналған экоканқалар (еңбекті жеңілдететін робот-костюмдер) жасалып, олар қоймаларда, ауыл шаруашылығында жұмысын жалғастыруда. Германияда 55 жастан асқан азаматтарға өз бизнесін ашу үшін арнайы мемлекеттік гранттар беріледі.

Сингапур үлгісі («Ұрпақтар интеграциясы»): Балалар бақшасы мен қарттар үшін бір ғимаратқа біріктіру. Егде адамдар балаларға тәлімгер, тәрбиеші болады, бұл мемлекеттің әлеуметтік шығындарын азайтып, қарттардың депрессияға түсуінің алдын алады.

Оңтүстік Корея үлгісі («Цифрлық қарттық»): Қарттарды IT-технологияларға, маркетингтерде жұмыс істеуге, курьерлік және онлайн-кеңесшілікке жаппай қайта

оқыту. Бұл жұмыс күшінің тапшылығын ішінара жабады.

Канада үлгісі («Селективті иммиграция»): Өз халқының қартаюын тоқтату үшін Канада жыл сайын нақты мамандықтар (IT, медицина, инженерия) бойынша әлемнің түкпір-түкпірінен тек 25-35 жас аралығындағы дайын мамандарды қабылдайды. Қазақстанға да солтүстік аймақтарды толтыру үшін Орталық Азиядан немесе шетелдегі қандастар есебінен осындай нүктелі миграциялық сүзгі керек.

Жалпы, сарапшылардың пікірінше, бұл үрдісті тоқтату мүмкін емес. Бірақ оған елімізде белсенді ұзақ өмір сүру саясатын дамыту, егде жастағы адамдарды еңбекке тарту және жас отбасыларды қолдау арқылы бейімделуге болады.

Қазақстанның қартаю бастағаны шындап келгенде дабыл қағатын жағдай емес. Бірақ назар аударуды талап ететін кезең. Бүгін қабылданған шешімдер ертеңгі қоғамның бейнесін айқындайды. Ал демографиялық көрсеткіш — жай статистика емес, елдің болашағының айнасы.

# РУХАНИЯТ

11 МАУСЫМ 2026 | БЕЙСЕНБІ



**Әлем тыныш, ел аман болса, 2026 жылқы жылы қасиетті де киелі, ғұлама-әулие бабамыз Сатыбалды Ишан Ғабдоллаұлының 200 жылдығы келмек. Осы тұста бабамыз туралы естіп-білгендерімді жазып, ақ қағазға түсіруді мақсат еттім.**

Тұран ойпатының тең ортасы — көк орай шалғын, жасыл желек оранған тұсында тарихи көне Торғай өлкесінің Амангелді атындағы тарихи ауданы бар. Оның кешегі патшалық заман мен кеңестік кезеңнің 28-жылына дейін «Батпаққара» деп аталғаны белгілі. Торғай, Жалдама, Сыңтас өзендерінің тарам-тарам салалары жыл он екі ай оның алқабын суландырып, көктемгі қар мен тораңғыл өскен, ішінде неше түрлі аң мен құстар мекен етіп, ең ғажабы сонау ерте жылдары жыландар жайлаған, сулы-қорысты үлкен алқап — аяғы батысқа қарай созыла келе, Мұқан түбек, Смайыл, Шақпақ, Бес тарау деген батыс бағыттағы жерлерге жеткенде ашық далаға ұласады. Иесіз жатқан құнарлы алап бүгінге дейін 7,5 мың гектар жерді алып жатыр. Өткен ғасырдың басына дейін осы жерде күн көрісі тікелей малмен байланысты бірен-саран дәулетті қазақ отбасылары өздеріне қараған ағайын-туыстарымен, жалшы-жұмысшыларымен тіршілік жасапты. Батпаққара жерінен қашықтау өзен-сулар бойын жайлаған елдің ілуде біреуі ғана шаруасына ыңғайлап, әр жерден шым-саман кірпіштен қоныс-қыстау салып, өмір кешкенін 150 жылдық аудан шежіресінен білеміз. Амандық болса, енді екі жылдан кейін тарихи аудан өзінің 1928 жылы 17 қантарда өз алдына шаңырақ көтеріп, жеке аудан болып құрылғанының 100 жылдығын атап өтсек. 1936 жылдан бері аудан Халық батыры Амангелдінің есімімен аталуы ұрпақтары — біз теңдессіз мақтаныш тұтамыз.

Өте тереңге кетпей, екі жүз жылдай өткенге шегініс жасап, тарих тұңғығына жүгінсек. Осы тұтас өңір тіршілік-тұрмысының бастауын оның тарихи тұғыры болған Торғай қаласының (дуан-бекініс болу) шежіресінен бастауымыз заңды. Оның іргетасы 1845 жылдың 22 шілдесінде қаланған екен. Алғашқы тұрғындары «қарашекпенділер» — орыс босқындары мен атты казактар болыпты. Кейінірек оларға ілесіп саудагер-татарлар келіп орналаса бастайды. 1855 жылы Торғайда бірінші көпес — Яушевтердің сауда орындары ашылады. 1876 жылы қалада 570 тұрғын болса, 1902 жылы 1 180 адамға жетеді. Алты қысқа көшесі бар қаланың терістігінде, алыстан көрінетін төбесіне крест қойылған православтар шіркеуі болыпты. Торғайдың ресми түрде қала атануы 1868 жылы болса керек, оған дейін «Торғай бекінісі» қосақталып-қосарлана «Орынбор бекінісі» деп те аталып келген. Мұсылмандар мешіті кейінірек салынады. Ағартушы-ұстаз Ы.Алтынсариннің осы жерде тұңғыш 1864 жылы мектеп ашуына орай оқу-ағарту ісі де дами бастайды. Ы.Алтынсариннің бастылығымен кәсіптік училище, қыздар мектебінде белгілі Нәзіла Құлжанова мен Айсулу Досжановалар оқыған. «Далалық өлке» («Степной край») атанған «Торғай облысы» әкімшілік аймағының көлемі патшалық кезеңде тым ұлан-ғайыр болғанын бүгінгі ұрпақтың бәрі бірдей біле бермейді. Облыстың жер шегі ол кезде Қостанай, Ақмола, Жезқазған, Ақтөбе, Орынбормен шектескені тек тарихи карта-деректерден ғана белгілі. «Торғай дуан-бекінісі» — осы өлкенің орталығы саналғанмен, мұнда губернаторлар тұрмаған. Олар облысты кіші Ресейге

# ТАҒДЫРЫ мен ТӘЛІМІНЕ ТӘҢІРДІҢ НҰРЫ ЖАУҒАН

жақын шойын жол қатынасы бар қалада отырып басқарған.

Батпаққара өңірін елді мекен жасауға бірден-бір қолқайыр-көмегі тиген, қамқарекеттерінің ғұмыры ұзақ болған және оң нәтижелер берген ұлан-ғайыр істің иесі Ғабдоллаұлы Сатыбалды ишан болатын. Бұл кісі кім еді? Сатыбалды ишан оңтүстік өңір — Қазығұрт, Сайрам аймағында ислам дінін уағыздаушылардың бірі, өзінің 72 жас саналы ғұмырының 40 жылға таяу уақытын діни қызметке арнаған, халықты мұсылманшылыққа насихаттаған бірегей тұлға еді.

Әңгіме-естелігіміздің басты кейіпкері — Сатыбалды Ғабдоллаұлы 1826 жылы сол замандағы Торғай уезі Қайдауыл болысының Шомақ Қарасуы деген жерінде дүниеге келген. Ишан бабамыздың есім-сойының Сатыбалды деп аталуының ел аузында өзіндік тарихы бар. Руы — Ұзын Қыпшақтың Алтысы. Ұзын атадан: Алтыс, Алтыбас туады. Алтыстан Келімбет, одан кейінгі анандан төрт ағайынды жігіт: Құлдербес (лақап аты Құттық), Өзен, Самар, Сығай (лақап аты хан Сығай) туған. Сатыбалды ишан осылардың хан Сығайына жатады. Әкесі Ғабдолланың балалары туып, көп ұзамай шетінеп кете берген екен. Жасы елуге келгенде Мұғалима (Ұлмас) деген бір қыз көреді. Одан кейін Сатыбалды туады. Бала шыр етіп, дүниеге келген күні немере ағасы Шомақ пен оның кемпірі сәбидің кіндігі кесілісімен қазақтың ежелден келе жатқан ырымның етегіне орап алып, үйлеріне алып кетеді. Сәби қырқынан шыққаннан кейін ғана Шомақ пен кемпірі баланы құндақтап алып, Төңірден тілек тілеп, жеті ошақтың астынан өткізіп, ауылдың шетінен түсіп, жар салады: «Бала сатамыз, бала сатамыз — кім алады?!» — деп. Сонда Ғабдолла атамның ағасы мен жегенісіне қара нағра қалы кілем жауып, қазақи тарту-таралғысын жасап, баланы сатып алады. Атын ырымдап, азан шақырып Сатыбалды қояды.

«Құдайдан бір, адамнан бір сұрап алған» Сатыбалдының қатарынан кем болмай, 8-10 жасқа толған кезінде ата-аналары кезегімен дүниеден өтеді. Кіндік әкесі Шомақ карт тағы да жасөспірімді қайыра өз қамқорлығына алады. Бір күндері бабасы Ақбура жас жеткіншектің түсіне кіріп, аян береді: «Сен, Сатыбалды шөберем, Төшкен, Бұхара жаққа барып оқу оқы, дін исламның жолына түс!» — дейді. Сатыбалды көрген түсін Шомақ ағасына айтады. Шомақ карт оған «онда сен алдымен туған апаң Мұғалимаға бар!» — дейді. Мұғалима Торғайдың Тосын құмындағы, арғын ішіндегі Қарабас Бактыбай деген кісінде тұрмыста екен. Апасы қарсы алып, інісін ауылдың молдалан бір жыл оқытады. Жасөспірім Шомақ әкесінен рұқсат алып, Ташкентке оқу іздеп шығады. Алыс жолда «Шыршықтың» маңайында болып жалданады. Екі жыл оқығаннан кейін ұстазы оған көңіл аударып, сабаққа жақсы, бірақ киім-кешегі нашар баланы сөзге тартып, жайын сұрайды. «Бала етейін — маған бала боласың ба?» — деп сұрайды. Сатыбалды бұл ұсынысқа шын ықыласымен келісім береді. Ұстаз әкесі Ташкенттегі оқуды бітіргеннен кейін оны Бұхараға тағы діни оқуға жібереді. Мейірімді мұсылман қария Сатыбалдыны бас-аяғы 14 жыл оқытады. Бұхарадағы оқуын бітіргесін бір өзбек қызына үйлендіреді. Сатыбалды ишанның некелі үш әйелінен 9 ұл-қыз туып, ұрпақ таралған. Бұл әулеттің «азап» пен «тозақты» көрген кезі кешегі «ақтандақ» — саяси қуғын-сүргін жылдары. «Ұзын құлақ», «жан алғыш» кеңестік ГПУ-дың құрығы «Сайрам» жақтағыларын да жай қалдырмаған, олар да неше түрлі қиын-қыстауға ұшырады. Тарихтан белгілі, ашаршылық жылдары, Екінші дүниежүзілік соғыс, сан алуан аласапыран, қиын-қыстауларда ұрпақтардың бауырластық байланысы үзілген. Кейінгі шөбере-шөпшектер мүлде жат болып кетті. Тек саяси қуғын-сүргін құрбандары ақталғаннан кейін ғана ұрпақтардың бір-бірін іздеуіне жол ашылды. Біз әңгімелеп отырған ата-әулет қазір «ит арқасы қияндағы» өз ұрпақтарын тауып-танып отыр.

Сатыбалдының асырап алған әкесі ғұлама кісі екен. Баласын сол замандағы Орта Азия мұсылмандары діни басқармасының алқа мүшелері алдында сынақ тапсырттырып, нәтижесінде ғұлама-ғалым ретінде ишан атағын алады. Заманында ишан атағы жоғары дәулеттерінен шыққандарға ғана беріліп келген. Ресейлік отарлау саясатының ықпалымен сол кездерден бастап өздерін ғұлама-оқымысты тұлға ретінде таныта алған казактар мен орта азиялықтарға да ишан атағы беріле бастапты. Қазактардан шыққан Науан Таласұлы, Сатыбалды Ғабдоллаұлы, сосын Марал Құрманұлы сияқты кісілердің әулие-ишан атануы осы кезеңге тура келеді. Аталған діни ғұлама-ғалымдар ел арасында ағартушылық ұрығын

сепкенін білеміз. Олар халық санасында ұлттық бірегейлік сезімді өрістетті, өздерінің дін тұғырындағы қызметін қоғамның, өз халқының түпкілікті мүддесімен үйлестіруге күш салды. Қожа-молдалардың арқасында қолы жеткен, орайы келген әрбір ұлттың адамдары Құран қаріп-әліпбиімен сауатын ашты, хат таныды.

1862 жылы 34 жастағы Сатыбалды ишан алғаш рет Мекке-Мәдинаға қажылыққа барады. Бұл кез ишанның Сайрам жерінің ордалы жыландар жайлап, бос жатқан Қарауыл оба деген жеріне дұға оқуымен жыландарды көшіріп, мешіт, медресе салдырған мезгілі екен. Маңайынан ор қаздырып, оны қоршатып, Қазығұрт тауынан ағып жатқан сулы бұрғызып, су диірмен орнаттырған. Қоршалған жерге түрлі жеміс-жидек ағашын өктіріп, қалған жерлеріне бидай, жүгері, бау-бақша салдырған. Шыққан Қыпшақ тегіне байланысты діни қызметкердің есімі сол елдің тұрғындарына Қыпшақ ишан болып тараған. Алла Тағаланың пендесіне сыйлаған кереметі мен «тылсым күшін» менгеріп, таңғажайып құбыластар көрсетуіне ел куә болады.

Сайрам жақта соншалықты ғұмыры өткен Сатыбалды ишанның «Қыпшақ ишан» атанған осы даңқы Қазығұрт, Сайрамнан асып, атажұртына да жетеді. Қыпшақ деген сөзді естіп, оның руластары «Бұл кім өзі?!» — деп, оның шын ата-тегінің білгілері келеді. Жетім болып, жоғалып кеткен, бірақ есімі Сатыбалды дегенді емес-еміс білетіндер үміті оянып, елденші бастайды. Бірақ Сыр, Сайрам елінде осынша даңқты болғанына біреу сенеді, біреу сенбейді. Атын естіп, дүрілкен ел не де болса оны тауып, ата-тегінен әбден біліп, егер шын елден кеткен бала осы болса, үйірге қосудың әрекетіне кіріседі.

XIX ғасырдың 70-жылдары Торғай аймағын төреден шыққан Сүлеймен деген правитель басқарып тұрыпты. Осы кезде елдің үлкендері оған «біздің

**Қазақта: «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол!» деген даналық сөз бар ғой. «У ішсең — руыңмен» деген аталы мақал тағы бар. Елге оралған ишанды рулы елі «хан көтереді».**



Сатыбалды ишан кесенесі 1826-1828 ж.ж. №1

төңірекке ағартушылық тапсырмамен келген бірен-саран қожалар мен Қазан-Уфа, Троицкі жақтан келген татар молдаларынан гөрі осы өңірге тұрақтандырушылықты, туған топырақтан шыққан бір дін қызметкері табылса» легенді айтып жүреді екен. Біреуден біреу естіп, ел арасында осыдан 40 жылға таяу бір жас жігіттің мына Батпаққарадан оңтүстік жаққа діни оқуға кеткеннен оралмағанын, алайда ел арасында тараған әңгімеге қарағанда Сайрам жақта «Қыпшақ ишан» деген есіммен, үлкен ғұлама-дін қызметкері қызмет атанғанын айтады.

Аймақ билеушісі Сүлеймен төре бірер жылғы «құлақ түріп» жүрген зерттеуінен кейін Сүйін Орысұлы деген өзінің тілмаш-қызметшісін сол адамға арнап, хат жазып, туған еліне, жеріне шақырып-алып келуге арнайы тапсырманы Ташкент, Сайрам жаққа жібереді. Бұл қазақ жерінің қалмақ-жонғарлар шабуылы әбден тойтарылып-тоқтатылған, алайда отарлаушы орыс патшасының хандықты жойып, сұлтандық басқаруды енгізген, Кенесары хан бастаған қарсылықтардың қырғыз жерінде талқандалғаннан кейінгі, Орталық Азия жерлерінде жаппай бекіністер сала бастаған кезеңі болатын.

Құдай сәгін салып, сол іздеу-шақырудың арқасында туған жерін ұмытпаған Сатыбалды ишан Шомақ қарасуына келеді. Жасы елуге таяған ишан көзі тірі қалған ағайын-туыскандарымен көріскеннен кейін кешіктірмей, қалың тоғай болып, ішін әртүрлі аң мен жылан мекен еткен осы күнгі Батпаққара тоғайынан дұға оқып, көптен жайлап жатқан жыландарды көшіреді. Осыған көзі жеткесін ел осы күнгі Амангелді ауданы Жалдама өзенін жағалай үй сала бастайды. Сатыбалдыға Қараторғай болысындағы оқыған, көзі ашық, қыпшақ рулас-туыстары бас болып үй салып береді. Торы Қыпшақ Көлмен деген кісінің ұрпақтары да тез-тезіп-асарлап үй тұрғызды. Сол маннның тұрғындарын ұйымдастырумен, қысқа мерзімде шағын мешіт үйін де салып алады. Діни сауаты бар Көлмен молданы мешітке иман қылып тағайындап, келесі көктемде бала-шағасы қалған Сайрамға барып, көп ұзатпай сол жақтан туған еліне түпкілікті оралатынын айтады. Көп ұзатпай келесі жылы түпкілікті көшіп келеді.

Қазақта: «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол!» деген даналық сөз бар ғой. «У ішсең — руыңмен» деген аталы мақал тағы бар. Елге оралған ишанды рулы елі «хан көтереді». Қазіргі Амангелді кенті тұрған жер ол кезде әлі ел қоныстанбаған ашық дала, осы күні де негізі бар Үрнекпен екі арадағы қалың, жабайы-көкталдар — сол заманнан келе жатқан ну тоғай, қалың қамыс-құрақ, шөбі мол үлкен-үлкен алаңқай-шабындық жерлер. Сол табиғи байлық күні бүгінге дейін мал мен жанның ырыздық-несібісі болып келеді.

XIX ғасырдың 80-жылдарынан бастап Батпаққара төңірегінде Сүйін ауылы пайда болып, ал Амангелді ауданының орталығы болып тұрған жер «Сатыбалды ишан ауылы» деген жаңа қоныс-ел болып, қалыптаса бастайды. 1916 жылғы патшаға қарсы көтерілген мың-мың

Аруақты әулие Сатыбалды ишан Ғабдоллаұлы 1898 жылы күзде артында үлкен алқап, туған ауыл-аймағы — Торғай жерінде кең қанат жайған ислам дінінің рух-сенімін қалдырып, өмірден өткен. Ишан бабаның асыл мұрдесі мәңгілікке Батпаққара — осы күнгі Амангелді ауданының орталығындағы ескі қорымда тыныстап жатыр. Келесі 1899 жылы үлкен ұлы Мырза ишан Ташкенттен арнайы шеберлер алдырып, күйдірілген қызыл кірпіштен қос күмбезді әсем кесенені салдырады. Төргі бөлмесінде Сатыбалды ишан баба жатыр. Екінші бөлмесін Мырза ишан өзіне арнағанымен, 30-жылдардағы саяси қуғын-сүргін кезінде тұтқындалып, Алматы жерінде атылған. Ол орында ишанның ең кіші баласы Файзолла құран-қари, сол жағында Торы-Қыпшақ Телеқұлы Омар көлпелі жерленген. Ауыл-аймағымызға келген құрметті қонақтардың кесенеге соғып, аруақты бабаға садақа беріп, дұға бағыштамай кеткені болмапты.

Кенестік үкімет қазақ жерінде голешекіндік «кіші төңкерістің» жалғасқан мезгілі 1935 жылы, әлі де қожа-молдалармен арпалысуы аяқталмаған кезде Батпаққарадағы билік орындарына мешіттер мен діндар адамдардың кеселерін, ишан мешітін бұзып, материалдарынан кедей-кешіктерге үй салу, далалық-ауылдық жердегілерін серіктестіктердің мал қораларына айналдыруға бұйрық берілген. Осыларды орындауға кіріскен қолында балта, түрлі құрал-сайман ұстаған екі адамның біреуі Сатыбалды ишан кесенесінің күмбезіне қойылған екі айда құлатқанда, өзі сол биіктен құлап, табанда жан тапсырған. Ал көргендердің әңгімесі бойынша, құлап, есінен танған екінші бөлмені едәуір уақыт аруақтың «ауыр азабын» тартып, жаны қиналыпты. Мұны көрген халық Құдайдың хақтығына, бар екеніне сене бастаған.

Мавзолейдің құлатылған екі айын Жақай Махамбетұлы деген ниеті тузу кісі өз үйіне апарып, 12 жыл тығып сақтайды. Кейін ишанның ұлы Құран қари Мұхаммед Файзолла қуғын-сүргін — жалданбай құтылып келесін, 1956 жылы өз қолымен орындарына орнатыпты.

1994 жылы ишан ұрпақтары бабасының ислам дініне қызмет еткен түстік — Сайрамға барып қайтты. Сонда ишан бабалары болған ескі орын — Өтеміс ауылында жаңа мешіт салыныпты. Қайта салынған Құдай үйіне «Қара Қыпшақ мешіті» деген атау берілгенге ұқсайды.

Естелік-жазбамның барысында Сатыбалды ишан-бабаға қарапайым амангелділік, ұстаз-тәрбиеші, осы мақаланың авторы — менің шыққан тегім — Торы Қыпшақ — Иман Көкмұрын Рақпан ата әулетінің қандай жақындығы бар екенін айтып өтсем деймін. Қырдысыңды Рақпан атамнан тараған Әбдірайым, Әбділда, Жұмабек есімді кісілердің ұрпақтары Ұзын Қыпшақтың Қыржігіт аталығын — ұлы нағашыларымыз деп олардың кез келген азаматына бүгінге дейін құрметпен қарап, сәлем береміз. Өйткені марқұм үлкен әжемді Гүлжәмила Жаммауқызы (1870-1942 ж.ж.) — осы рудың қызы. Әкем Әбдірайымның (Әбілтай) қасиетті-қадірлі анасының Жаратушы Алла берген қиелері туралы айтып отыратын әңгіме-естеліктерін естіп-өстік. Ұзатылатын бойжеткендер әжеме келіп, ұзатылу тойлары алдында қос бұрым-шаштарын өргізіп кететін болыпты. Қоштасарда әжемнің «Құдай қаласа, бойжеткенім, шашың отыз күн ойының, қырық күн тойың өткенше бұзылмауға тиіс!» деп айтқандарын естуші едік. Жүкті жас келіндер босана алмай «қиналса», аяқ жетер жердегі ағайындар көп кешікпей әжемді алдыратын көрінеді. Жарықтық әжем табалдырықты аттап, үйге кіріп келгенде-ақ шарана «шыр етіп» жерге түседі екен.

1882 жылы Сатыбалды ишан Батпаққарадағы ойға алған шаруалары әбден орындалып болған соң екінші рет қажылыққа ниет-қалам жасайды. Ол заманда кім білсін, қазақтың әртүрлі жер-жерінен Меккеге сапар шеккен адамдардың қай жолмен, қалай жүретіні бізге белгісіз. Тек ел арасында Сатыбалды ишанның осы қажылық сапарда жүріп Дүйсен қажыға жазған хаты туралы естелік-әңгіме сақталған.

Ишан ата осы қажылықта жүріп түс көреді. Түсінде әйелі босанып, ұл туған екен. Түсінің өңінде де келетінін білетін әулие елде қалған досы Дүйсен қажыға ер баланың атын атап, қажылықта жүргенде Жаратушы бір Алланың жақсылығы деп бағалап, балаға азан шақырып, қажы, қари Мұхаммед Файзолла деген есімді беруді өтінеді. Міне, екінші ұлы атақты Файзолланың өмірін бұл кісі тумай жатып болжап, түбінде оның қари болатынын білген. Меккемен «рух-жаны» арқылы байланысып, бойына Алла тағаланың айрықша қасиеттері дарыған бұл жарықтықты қалай әулие демеске?!

Биыл 25-26 шілде күндері бабамыздың 200 жылдығы кең көлемде атап өтіліп, қасиетті ислам дінінің қадір-қасиетін құрметтейтін халқымыздың кешегі-бүгінгі игерген игілікті істеріне куә болмақпыз.

**Әбдіқадір ӘБДІРАЙЫМҰЛЫ,** зейнеткер, Амангелді ауданының құрметті азаматы, Сатыбалды ишан — Баба әулетіне жетінішар Қостанай облысы, Амангелді ауданы

# УРБАНИЗАЦИЯ БАҒЫТЫНДАҒЫ ТЫҢ ҮДЕРІС

Елімізде кейінгі жылдары урбанизация мәселесі мемлекеттік саясаттың ең негізгі бағытының біріне айналды. Әсіресе, теріскей аймақтардағы жағдай көптің көз алдында. Ауылдағы қаймана халық ескі үйлерінің есігіне қара құлып салып, қалаға үдере көшті. Осы тұста қалаларда қаптаған көпқабатты тұрғын үйлер салынғанымен, оларды қамтуға жылу мен кәріз жүйелерінің қауқары жетпей жатыр. Тіпті, ауызсудың да тапшылығы біліне бастады.

## Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ, Ақмола облысы

Бұл мәселе Ақмола өңіріне де кезігіп отыр. Жалпы, халық санының өсуі, көші-қон үдерістерінің күшейіп, тұрғын үйге сұраныстың артуы, бөздей сөйлеген инженерлік желілер мен апатты тұрғын үйлер мәселесі елдің көптеген өңірінде өзекті саналады. Осы бағыттағы тәжірибені талқылау мақсатында Көкшетауда «AQMOLA URBAN FORUM: Реновация және заманауи урбанизация» атты республикалық форум өтті. Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасымен ұйымдастырылған іс-шараға Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Қуандық Қажженов, ведомство өкілдері, өңір әкімдерінің орынбасарлары, салалық ұйымдардың басшылары, белгілі урбанистер, сәулетшілер, инвесторлар мен сарапшылар қатысты.

Көкше төрінде өткен ауқымды форумның басты ерекшелігі сол, мұнда тек теориялық мәселелер емес, нақты іске асқан жобалар мен тәжірибелер талқыға түскенін атап өткен жөн. Оның ішінде республика көлемінде ерекше назар аударған Ақмола облысының реновация бағдарламасы болды. Аймақ басшысы Марат Ахметжанов форумның ашылуында бүгінде өңір экономикалық өсім, инвестиция тарту және тұрғын үй құрылысы қарқыны бойынша елдегі жетекші аймақтардың біріне айналғанын атап өтті.

Шын мәнінде, Ақмола облысында жүзеге асырылып жатқан реновация бағдарламасы жай ғана құрылыс жобасы ғана емес, тұрғын үй саясатын, инвестициялық саясатты және урбанистикалық дамуды бір арнаға тоғыстырған кешенді модельге айналған секілді.

«КОКСНЕ ӘКК» акционерлік қоғамы басқарма төрағасының орынбасары Әли Әлиевтің сөзінше, реновацияның басты мақсаты – тұрғын үй қорын жаңарту емес, заманауи әрі қолайлы қалалық орта қалыптастыру.

«Мәселе тек жана пәтер беруде емес. Әңгіме инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту, қоғамдық кеңістіктерді дамыту, әлеуметтік нысандарды жаңарту, қоғалдандыру, көлік және жаяу жүргіншілер инфрақұрылымын жетілдіру арқылы тұрғындардың өмір сапасын көтеру туралы болып отыр. Осы мақсатта Президент тапсырмасына сәйкес, облыс әкімінің тікелей басшылығымен реновация бағдарламасы қолға алынған еді. Бағдарлама сәтті жүзеге асырылып, азғантай уақыт ішінде жұмылған жұдырықтай әрекет етудің арқасында апатты жағдайдағы үйлер сүріліп, қала тұрғындары барлық жағдайы жасалған, сапалы үйлерде қоныс тойын тойлады», – деп атап өтті Әли Мұхаммедұлы.

Өңірде тұңғыш рет қолға алынған бұл тәсілдің тиімділігіне Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та назар аударған еді. Президенттің Ақмола облысына жасаған



жұмыс сапары барысында өңірдегі реновация бағдарламасына оң баға беріліп, тыннан түрен салған тәжірибені еліміздің басқа өңірлеріне тарату жөнінде шұғыл тапсырма берілді. Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Қуандық Қажженов те форумда осы мәселеге арнайы тоқталды.

«Тұрғын үй қорын реновациялау мәселелеріне аймақта ерекше назар аударылып отыр. 2024 жылы өңірге жасаған жұмыс сапары барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев облыста жүзеге асырылып жатқан ескі тұрғын үйлерді жаңарту бағдарламасына оң баға беріп, Ақмола облысының тәжірибесін еліміздің басқа өңірлеріне таратуды тапсырған болатын», – деп атап өтті вице-министр.

Ақмола облысында қолға алынған реновация нақты алгоритм бойынша жүзеге асырылып келеді. Алдымен тұрғындарға түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Жиналыстар өткізіліп, әр отбасыға жеке консультациялар беріледі. Одан кейін мүлік бағаланып, құжаттар рәсімделеді, уақытша көшіру ұйымдастырылады. Келесі кезеңде

инвестор анықталады. Инвесторларға қойылатын талаптар да қатаң. Олар кемінде үш жыл көпқабатты тұрғын үй салу тәжірибесіне ие болуы, 100 мың шаршы метрден астам тұрғын үйді пайдалануға берген болуы және қаржылық тұрғыдан тұрақты компания болуға тиіс. Осыдан кейін құрылыс басталып, оның сапасы тұрақты бақылауға алынады. Ал соңғы кезеңде тұрғындар жана пәтерлерге көшіріледі.

Бүгінде аймақта жүзеге асырылған бағдарламаның нәтижелері тек қағаз жүзінде емес, нақты көрсеткіштермен дәлелденіп отыр. Жана реновация жобасының арқасында Көкшетау, Ақкөл, Атбасар, Макинск, Шүчинск қалаларын, Аршалы кентін, сондай-ақ Астрахан мен Зеренді ауылдарында тұрғын үйлер салынған. Кейінгі екі жылдың ішінде өңірде апаттық жағдайға жеткен 23 тұрғын үй сүріліп, Сөйтіп, 763 пәтерлік 10 жана тұрғын үй кешені пайдалануға берілген. 248 отбасы жана баспанға көшіріліп, 73 меншік иесіне өтемақы төленген. Жыл соңына дейін тағы 130 отбасын көшіру жоспарланыпты.

Бұдан бөлек, қазір облыста 11 жана жоба жүзеге асырылуда. Оның аясында тағы 70 ескі үй сүріліп, тұрғындарды көшіру үшін 1 200 жана пәтер пайдалануға берілмек. Ал 2030 жылға дейін өңірде 250 ескі және апатты үй сүріліп, 55 заманауи тұрғын үй кешені салынады. Нәтижесінде, 18 мыңнан астам ақмолалық жана баспанамен қамтылатыны аталды.

Ақмола тәжірибесінің тағы бір ерекшелігі – оның экономикалық тиімділігі. Өңірде реновация жобаларына шамамен 38 млрд теңге жеке инвестиция тартылған. Ал мемлекет тарапынан салынған қаржы көлемі небәрі 702 миллион теңгені құрап отыр. Яғни, бюджеттің бүйіріне салмақ түсірмей-ақ, түйткіл шешіле береді. Сонымен қатар бағдарламаның қазақстандық қамту үлесі 96 пайызға жеткені аталды. Оның 84 пайызы Ақмола облысында өндірілген өнімдер мен құрылыс материалдарынан салынғаны да ерекше аталды.

Форум барысында урбанистикалық дамудың тағы бір маңызды бағыты таныстырылды. Өңірде «КОКСНЕ ӘКК», Қазақстан тұрғын үй компаниясы және урбанистика орталығының қатысуымен аумақтарды кешенді дамыту жүйесі қалыптастырылды. Қазірдің өзінде аймақтың аса ірі қалалары – Көкшетау мен Атбасарда кешенді зерттеулер жүргізіліп жатыр. Әсіресе, Атбасар қаласы шағын қалаларды дамыту бойынша пилоттық алаң ретінде қарастырылған. Бұл жерде тек құрылыс емес, әлеуметтік, экономикалық және кеңістіктік даму мәселелері бірге қаралады.

Ақмола облысының тәжірибесі көрсеткендей, тұрғындар өз үйлерін реновация бағдарламасына енгізуді өздері-ақ сұрай бастаған. Бұл бағдарламаның қоғам тарапынан қолдау тапқанын білдіреді. Сондықтан Көкшетауда өткен форум жай ғана кезекті салалық жиын емес, Қазақстанның урбанистикалық дамуының жана кезеңін айқындаған маңызды оқиға болды деуге толық негіз бар.

# ШАРУАЛАРДЫҢ «ШЫРЫЛЫ»

Нәсібін қара жерден айырған шаруалар үшін басты уайым – ағын су. Жылда шенділер бұл мәселені түбегейлі шешеміз дегенімен, әлі күнге бауын тапса, байлауын таппаған түйткіл көп. Әсіресе, жамбылдық диқандар дәнді жерге дер кезінде сепкенімен, оны суаруға келгенде қырғыз еліне алақан жайып қалатыны жасырын емес. Оған қоса, кейінгі жылдары қолынан келгендер қоныштан басып, су арнасын бұрып алған жағдайлар да көп кезігуде. Биыл бұл мәселе қалай болмақ? Шаруалар тағы шырыл қақпай ма?



## Саятхан САТЫЛҒАН, Жамбыл облысы

Тамшы суға телмірген аймақтың бірі – Қордай ауданы. Мұндағы шаруалар дән мен техниканы сақдай сай сайлағанымен, ағын су болмай қалама деп алаңдаулы. Сондай-ақ бай-манаптар ағын су арнасына сорғылар қойып, төмендегі жұртты тамшы сусыз қалдырмай ма деп қорқалы. Бұл мәселе жуырда облыс әкімі Ербол Қарашөкеевтің төрағалығымен өткен жиында да талқыланды. «Шу-Талас бассейндік» инспекциясының басшысы Нұрсұлтан Ақжолдұтың айтуынша, биыл құрылымдық мекеме ағын суға қадағаны цифрлық технологиялар арқылы күшейттік екен. Ол үшін Sorficus және Google Maps бағдарламалы іске қосылмақ. Бұл жүйе су деңгейін бақылап отыруға мүмкіндік туғызды. Егер бір аймақта су мөлшері күрт түсіп кететін болса, инспекция мамандары сол маңға дереу жетіп қажетті шараларды қабылдайды. Осылайша, инспекция су арнасын қолша бұрып алу немесе зансыз сорғылар орнатудың жолын кеспек ниетте.

Әрине, бұл – қос қолдап қолдайтын бастама. Алайда өңірдегі су қорының негізгі қайнар көзі саналатын Шу, Талас және Аса өзендері 75 пайыз суды Қырғызстаннан алады. Ал айырқалпақ ағайын екі ел арасындағы суға қатысты келісімді жылда бұлжытпай орындап отыр дей алмаймыз. Сондықтан су мөлшерін бақылау былай тұрсын, ең бірінші қажетті су қорын өңірге жеткізу маңызды.

Су ресурстары және ирригация министрлігінің апаратына сүйенсек, қазір ағын суға қатысты мәселе жоқ көрінеді. Сәуір айында Алматы қаласында өткен жиында Қырғызстаннан Шу мен Талас өзендеріне берілетін су мөлшері айқындалыпты. Осылайша, өңірдегі Талас өзеніне 340 млн текше метр, ал Шу өзеніне 170 млн текше метр су жіберіледі деп межелеген. Егер қажет болып жатса, су мөлшеріне қатысты тағы өзгерістер енгізу туралы уағдалас болған.

Иә, сөз бен санға келгенде бәрі әдемі. Жылда осындай «сұлу» статистика сөйлегенімен, сонында ағын су үшін арпалыс болып, соны шаруалардың сан

соғуымен тынады. Сондықтан Қырғыз еліне үміт артып ғана қоймай, басқа шараларды да қолға алу қажет. Бұған қатысты министрлік жана су қоймаларын салу, бұрынғыларын жаңғырту және жүздеген шақырымды алып жатқан каналдарға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу туралы жобаларын ұсынуға. Аталған жобалардың басым бөлігін Ислам банкі қаржыландырмақ.

– 2030 жылға дейін бекітілген жоспарға сәйкес Жамбыл облысында 6 су қойма салу көзделуде. Сондай-ақ «Теріс-Ащыбулак», «Қарақоныз» және «Ынтылау» су қоймалары қайта жаңғыртудан өтеді. Ислам банкінің қаржыландыруының бірінші кезені бойынша қазір «Ақмола» су қоймасының құрылысы басталды. Ал «Қалқұты» су қоймасының құрылысы екінші кезеңде жүреді. Бұдан бөлек, Жамбыл облысы әкімдігі тарапынан «Қарақыстақ», «Алғабас», «Молалы» және «Қызылсай» су қоймаларының жобалық-сметалық құжаттары дайындалуда, – деп түсіндірді министрлік мамандары.

Тағы бір жаңа жылу беретін ақпар – жоспардан тыс «Жабұлак», «Береке», «Шетбулак», «Андас-1» және «Андас-2» су қоймалары да іске қосылуда екен. Ал «Андас-3» су қоймасының құрылысы аяқталуға жақын. «Ұзынсу», «Бекболат», «Сұлутөр» және «Ақжол» су қоймаларының жобалық-сметалық құжаттары дайындалып қойған.

Су ресурстары және ирригация министрлігі осындай ауқымды жобаларымен қуантуда. Бұдан бөлек, Ислам банкі 427 шақырымды құрайтын 76 каналға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін қаржы қарап отыр. Биыл осы каналдардың 71-де құрылыс жұмыстары басталып кеткен. Енді тек басы тәп-тәуір басталған тірліктің соңы сылдыр суға, одан әрі бұға айналып кетпесін деп тілейік. Сондай-ақ аталған жобалардың дені келешектің еншісіндегі дүниелер. Ал шаруаларға су болашақта ғана емес, бүгін де керек. Жауапты мамандар осы жағын да жіті назардан ұстап, қандай жағдайға болмасын қамданып отыр деп үміттенеміз. Әйтеуір, екі жыл бұрынғыдай қуаныштық қос бүйірден қысып, алты ауданда бірдей төтенше жағдай жариялап жүрмесек болғаны.

Атырау облысында жер мәселесі кейінгі жылдары ең өзекті тақырыптардың біріне айналды. Бір жағынан, мемлекет пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы жерлерін қайтарып, бақылауды күшейтіп жатыр. Екінші жағынан, ауыл тұрғындары жайылым таппай жүр, жерге қатысты даулар азаймай келеді, ал мыңдаған гектар алқап әлі де толық игерілмеген. Сарапшылардың пікірінше, өңірдегі басты мәселе жердің жетіспеушілігінде емес, оны тиімді басқару мен әділ бөлуде болып отыр.

# ЖАЙЫЛЫМ – ЖҰРТТЫҢ АЛАҢЫ

## Баян ЖАНҰЗАҚОВА, Атырау облысы

Атырау облысы бойынша Жер ресурстарын басқару департаментінің басшысы Әлібек Ермеқалидың айтуынша, пайдаланылмай жатқан жерлерді анықтау және мемлекет меншігіне қайтару жұмыстары жалғасуда. – Жер заңнамасының талаптарын сақтауды бақылау тұрақты жүргізіледі. Пайдаланылмай жатқан немесе заң талаптарына сәйкес игерілмеген жер учаскелеріне қатысты тиісті шаралар қабылданады. Негізгі мақсат – жердің экономикалық айналымға қайта қосылуын қамтамасыз ету, – дейді департамент басшысы.

Ресми мәлімет бойынша, 2025 жылы жалпы көлемі 8 658 гектар болатын 18 жер учаскесінің иелеріне заңбұзушылықтарды жою туралы нұсқама берілген. Алайда олардың тек үшеуі ғана жерді игеруге кіріскен. Былтыр облыс бойынша мемлекетке 90 мың гектар жерді қайтару жоспары бекітілген. Нәтижесінде, 61 мың гектардан астам жер мемлекет қорына қайтарылды. Биыл өңірге 40 мың гектар жерді қайтару міндеті жүктелгенімен, әзірге оның үштен біріне де жетпейтін көлем ғана қайтарылған. Бұл көрсеткіштер пайдаланылмай жатқан жерлер мәселесінің әлі де өзекті екенін көрсетеді.

Атырау облысының көптеген ауылдарында тұрғындар бірнеше жылдан бері жайылым жетіспеушілігі жайын айтып келеді. Махамбет, Құрманғазы және Индер аудандарындағы шаруалардың айтуынша, ауыл маңындағы кейбір жерлер ресми түрде жеке пайдаланушыларға тиесілі болғанымен, нақты игерілмейді. Соның салдарынан малды шалғай аймақтарға айдауға тура келеді.

Ауыл шаруашылығы ғылымының докторы Бақтыбек Таубаевтың пікірінше, жайылым тапшылығы ауыл экономикасына тікелей әсер етеді. Себебі ауыл халқының негізгі табыс көзі – осы. Егер жайылым жетіспесе, шаруалар мал басын көбейте алмайды. Сондықтан мемлекетке қайтарылған жерлердің бір бөлігін бірінші кезекте ауыл тұрғындарының қажеттілігіне бағыттау маңызды.

2025 жылы облыста 324 жеке және заңды тұлғаға қатысты тексеру жүргізіліп, нәтижесінде 60 миллион теңгеден астам айыппұл салынған. Ал 2026 жылдың алғашқы төрт айында 168 тексеру өтіп, 45 миллион теңгеден астам әкімшілік жаза қолданылған. Көбіне жерді мақсатсыз пайдалану, ұзақ уақыт бос ұстау және құжаттарды уақытында рәсімдеу фактілері анықталады.



11 МАУСЫМ 2026 | БЕЙСЕНБІ



Сахнаның киесі мен жауапкершілігін терең түсінген актер ғана көрермен жүрегіне жол таба алады. Солардың бірі – өзірбайжан мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театрының актері Бағлан Құлмағанбетов. Ол сахнада мәлік Ғабдуллин, райымбек батыр, қажымұқан секілді тарихи тұлғалардың бейнесін сомдап, олардың ерлігі мен рухынан тағылым алғанын айтады. Біз актермен сахнаның құдіреті, тарихи кейіпкерлердің ықпалы және актерлік мамандықтың жауапкершілігі туралы әңгімелескен едік.

Бағлан ИМАНҒАЗИНОВ, актер:

# Сахна САЛҒЫРТТЫҚТЫ КЕШІРМЕЙДІ

— Бағлан мырза, Әзірбайжан Мәмбетов театрының көрермені сізді бір-қатар қонылымның оасты кешіктері ретінде жақсы таниды. Көрермен алдындағы сахна жауапкершілігі қандай?

— Сахна — үлкен жауапкершілікті талап ететін, киесі бар қасиетті кеңістік. Өнер адамы үшін ол тек өнер көрсететін орыннан бөлек, адамның ішкі мәдениеті мен кәсіби деңгейін айқындайтын өлшем іспетті. Сондықтан актер де, өзге өнер иесі де сахнаға әрдайым тыңғылықты дайындықпен шығуы тиіс. Өйткені сахна салғырттықты кешірмейді. Сахнада тұрып бір сөзді ұмытып қалдық дейік. Сол сәттің өзінде «қартайып» кетесің. Себебі әр өнерпаз халықтың алдында өнерін мінсіз көрсетуге ұмтылады. Мұның бәрі адамның ішкі мәдениетіне, өз кәсібін деген жауапкершілігіне байланысты деп ойлаймын.

— Театрды тірі өнер деп бағалаймыз ғой. Бүкіл синтездік өнердің басын біріктіретін театр өнеріне қалай келдіңіз? Қазақ театрында талантына сүйсіне қарайтын, кумир тұтатын актеріңіз кім?

— Бала күнімде театрда жұмыс істеймін деп армандамадым. Бірақ өнерге деген қызығушылығым ерте оялды. Кішкентай кезімнен фильмдердегі дубляж актерлерін дауысынан танып, есімін де жатқа білдім. Сол кездегі ескі фильмдер арқылы қазақ театрының негізін қалаған тұлғалардың есімін естіп, олардың өнерін теледидардан көріп, қызығатыным. Тіпті, олардың шығармашылық жолын өзіме үлгі тұттым десем де болады. 8-сыныптан кейін Алматыдағы ұлттық музыкалық аспаптар жасайтын училищеге оқуға түстім. Домбыра мен қобыздың қалай жасалатынын көріп-білуге деген қызығушылық мені сол оқу орнына алып келді. Студенттік жылдары Алматыдағы театрларға жиі барып, әсіресе Мұхтар Әуезов атындағы театрдың қойылымдарын үзбей көретінмін. Музейлерді аралап, қазақ өнерінің тереңдігі мен байлығын тануға ұмтылдым.

Өнердегі алғашқы ұстаздарым — қазақ театр өнерінің көрнекті өкілдері, Халық әртісі Кәукен Кенжетасов пен Есім Сегізбаев болды. Актерлік шеберліктің қыр-сырын үйретіп, сахна мәдениетінің мәнін ұғындырған да осы кісілер. Сондықтан олардың тәлімі мен шығармашылық мектебі менің өнер жолымның қалыптасуына ерекше ықпал етті.

— Театрдағы аға буыннан не үйрендіңіз?

— Әрине, қазақтың талай тұлға талантты, дарынды актері көп. Оларды бөле жарып атын тізіп шыққаным болмас. Енді әр актердан, әр тұлғадан, әр дарыннан, таланттан жақсы жағын алуға тырысамын. Біз көбіне аға буыннан үйрену туралы айтамыз. Жасыратын ештеңесі жоқ, жастардан да көп үйренесің. Өмірлік ұстанымдарын үйрендік. Жақсы қасиеттерін

алуға тырыстым. Әр таланттың, әр өнердің, өнерлінің шәкірті болдым деп ойлаймын.

— Актер сахнада түрлі кейіпкердің болмысымен көрініп, ішкі күйін көрсетуге талпынады. Сондайда өзіңіз сомдаған кейіпкердің рөлінен шыға алмайтын кез болма ма? Сахна сыртындағы Бағлан қандай адам?

— Актер үшін ең маңызды қасиеттердің бірі — өзін бақылауда ұстай білу. Кейіпкердің жан дүниесіне терең еніп, оның қуанышы мен қайғысын шынайы жеткізу қажет болғанымен, актер ешқашан өзін толық жоғалтып алмауы керек деп есептеймін. Кейде рөлге беріліп кетіп, кейіпкердің әсерінен шыға алмай қалатын жағдайлар туралы естіп жатамыз. Алайда театр мен кино өнерінде кәсіби шеберлік ең алдымен өзін-өзі басқарудан басталады. Қандай жағдай болмасын, актер өзінің кім екенін ұмытпауы керек. Сондықтан мен рөлден шыға



алмай қалған кездерім болмаған. Ал сахна сыртындағы Бағланға келсек, өзімді қарапайым адаммын деп есептеймін. Қолымнан келгенше кішіпейіл болып, айналадағы адамдармен сыйластықта өмір сүруге тырысамын. Әрине, пенде болған соң кейде өзін байқамайтын кемшіліктер де кездесуі мүмкін. Дегенмен өмірде де, өнерде де адамдық қалпымды жоғалтпай, дұрыс жолдан таймауға ұмтыламын.

— Сіз сахнада Мәлік Ғабдуллин де болдыңыз, Райымбек те болдыңыз, Қажымұқан да болдыңыз. Осы образдар сізге не берді? Қысқасы, кейіпкерлеріңізден не үйренесіз?

— Әр кейіпкердің актер өмірінде алар орны ерекше. Әсіресе Мәлік Ғабдуллин, Райымбек батыр сынды тарихи тұлғалардың бейнесін сомдау — үлкен жауапкершілік әрі рухани мектеп. Олар халық жадында бекер сақталған жоқ, әрқайсысы ел үшін ерен еңбек етіп, ұлт тарихында өшпес із қалдырған тұлғалар. Осындай кейіпкерлерді сахнада сомдаған сайын олардың өмір жолына, ұстанымдарына тереңірек үнілесің. Батырлардың ерлігі мен азаматтық болмы-

сын таныған сайын өзін де рухани қуат аласың. Кейде олардың бейнесін сахнада асқататып көрсетіп жүріп, өмірде өзіңнің әрекеттеріңе сын көзбен қарай бастайсың. Өйткені көрерменге өнеге болатын тұлғаны ойнап тұрып, өз өмірінде соған кереғар қадам жасауға ар-ұятын жібермейді. Тарихи кейіпкерлердің ең үлкен әсері де осында шығар. Олардан ерлік пен адалдықты, елге қызмет етудің мәнін үйренесің. Жақсы қасиеттері мен өмірлік ұстанымдары актердің бойына біртіндеп сіңіп, дүниетанымына ықпал етеді. Сондықтан мен әр рөлмен тек кәсіби тәжірибе ғана емес, рухани азық та алдым деп айта аламын. Кейіпкерлерім арқылы өмірге деген көзқарасым өзгеріп, көптеген құндылықты жаңаша түсіне басталдым.

— Сахнада күтпеген жағдайлар болып тұра ма? Есіңізде қалған біреуін айтып беріңізші.

— Сахна болған соң түрлі қызық оқиға да болып тұрады. Әсіресе көрер-

жұмсамақ болғандай әрекет жасайды. Сол сәтте көрермендер арасында отырған бір апамыз оқиғаға шын сеніп қалыпты. «Балам, айналайын, қойшы!» деп дауыстап, мені тоқтатуға кірісті. Зал іші күлкіге көмілді. Біз болсақ, сахнадағы образдан шықпай, қойылымды жалғастыруға тырысып жатырмыз. Бірақ апамыз райынан қайтпады. «Әй, айналайын, болды енді! Әйел үшін не істеп жатырсың? Қой делім ғой!» деп қайта-қайта айтып отырды. Ақыры тіпті орыннан тұрып кетіп, кейіпкеріме ұрыскандай болды. Мен өзімді әрең ұстап тұрдым, ал көрермендер күлкіден көздеріне жас алған шығар. Бұл — көрерменнің театр өнеріне, сахнадағы оқиғаға шын жүрегімен сенгенін көрсететін ерекше әрі өте әсерлі естеліктердің бірі.

— Бір рөлді сомдау барысында өзіңіз бұрын байқамаған қасиеттеріңізді ашқан кездер болды ма?

— Менің тәжірибемде қандай да бір рөлді орындай алмай қалдым немесе ол маған мүлде сөйкес келмеді деп айта алмаймын. Жалпы, әр актер уақыт өте келе өзінің шығармашылық мүмкіндігін, табиғатын және қай бағытта мықты екенін жақсы түсіне бастайды. Қай рөлдің өз болмысына жақын екенін, қай образды шынайы әрі нанымды жеткізе алатынын сезінеді. Әрине, актер үшін түрлі мінездегі кейіпкерлерді сомдау маңызды. Дегенмен әр адамның табиғатына жақын, оң жамбасына келетін образдары болады. Сондықтан актер өз мүмкіндігін де, өз шекарасын да жақсы біледі деп ойлаймын. Ең бастысы — әр рөлге жауапкершілікпен қарап, қолыңнан келгенше оны шынайы жеткізуге ұмтылу.

— Театр адамды өзгертеді дейді. Ал театр сізді қалай өзгертті?

— Иә, театр адамды өзгертеді. Ең алдымен оның дүниетанымын кеңейтіп, білімін толықтырады, кәсіби деңгейін өсіреді. Театр саған танымалдық пен көрерменнің ықыласын сыйлауы мүмкін. Алайда сол деңгейде қалу үшін де, одан биікке көтерілу үшін де үлдіксіз еңбек қажет. Өнерде бәсекелестік бар, сондықтан әр актер өзін үнемі шыңдап, жана белестерге ұмтылып отыруы керек. Әйтпесе, алам өз мүмкіндігін толық пайдалана алмайды. Театр маған токмейілсуге болмайтынын үйретті. Сондықтан актерлік өнермен қатар спортқа, шығармашылықтың түрлі қырына көңіл бөліп, өзімді жан-жақты дамытуға тырысамын. Комедия, трагедия, драма секілді әр жанрда жұмыс істеп, бойымдағы мүмкіндіктерді толық пайдалануға ұмтыламын. Театрдың маған берген ең үлкен сабағы осы шығар. Өнер адамы үшін «болдым», «толдым», «бәрін менгердім» деген ұғым болмауы керек. Актер өзін толық жетілдім деп ойлаған сәттен бастап шығармашылық өсуі де тоқтайды.

Сұхбаттасқан  
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,  
Асылзат АҚБІЛХАН,  
ЕҰҰ-дың 3-курс студенті

## КІТАП ОҚЫП, АВТОКӨЛІК ИЕСІ АТАНДЫ

Абай облысының Ақсуат ауданында өткен «Асыл бесік – Ақсуат» спорт және өнер фестивалі аясында «Артық білім – кітапта» облыстық кітап оқу сайысының финалдық бәсекесі өтті. Білім мен руханиятты ұлықтаған тағылымды жобаға облыстың түкпір-түкпірінен іріктелген үздік командалар қатысып, кітаптан алған білімі мен таным көкжиегін сынға салды.



Байқаудың басты мақсаты — мектеп оқушылары, педагогтер мен кітапхана қызметкерлері арасында кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру, оқырман белсенділігін ынталандыру, әдебиет арқылы зияткерлік әлеуетті дамыту және ұлттық рухани-мәдени құндылықтарды кеңінен насихаттау.

Былтыр ASSYLTA қоғамдық қоры Абай облысындағы 233 ауыл мектебіне 14 мыңға жуық кітап тарту етті. Қазақ және әлем әдебиетінің таңдалуы шығармалары енген кітаптар өңірдегі мектеп кітапханаларының қорын толықтырып, мыңдаған оқушының сапалы кітаптарға қол жеткізуіне мүмкіндік берді. Ұйымдастырушылар кітап оқылымына, жастардың дүниетанымына әсер етуіне басымдық беріп, тарту етілген кітаптар негізінде облыстық кітап оқу сайысы ұйымдастырған. Аудандық кезеңнен үздік шыққан командалар Ақсуат төріндегі финалға жолдама алған.

Жобаға Абай облысының әр ауданынан келген мектеп оқушылары, кітапхана қызметкерлері мен педагогтерден жиналған 11 команда, жалпы саны 55 адам қатысқан. Байқау жеті кезеңнен тұрды. Қатысушылар әдеби шығармаларды терең менгергенін көрсетіп, шығармашылық және зияткерлік тапсырмаларды ерекше шеберлікпен орындады.

Байқау қорытындысы бойынша бас жүлдені Абай ауданының «Жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің «Бес асыл» командасы жеңіп алып, автокөлік иегері атанды. I орынды Ақсуат ауданының «Кәбеков мектебі» КММ-нің Assyl bolmys командасы иеленсе, II орын Бесқарағай ауданының «Өндіріс орта мектебі» КММ-нің «Кітап Time» командасына бұйырды. Ал III орынды Аягөз ауданының «Қалалық көпбейінді қазақ мектеп-гимназиясы» КММ-нің «Бес тұлға — Бір мақсат» командасы жеңіп алды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен 23 сәуірдің Ұлттық кітап күні болып белгіленуі және биыл «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлықтың қабылдануы кітап оқу мәдениетін қалыптастырудың стратегиялық маңызын айқындап берді. Осы тұрғыдан алғанда, «Артық білім — кітапта» жобасы тек кітап оқу сайысы емес. Бұл ауыл баласының қолына кітап ұстату арқылы оның болашағына жол ашуды көздейтін, білімді, ойлы әрі парасатты ұрпақ тәрбиелеуге бағытталған қоғамдық бастамаға айналып отыр.

Айсұлу СЪБЗХАН



AMANAT  
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:  
Алмас АЛПЫСАЙҒҰЛЫ –  
Ақмола облысы  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –  
Алматы қаласы  
Сағатхан САТЫЛҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҒҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назғұл НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Банн ЖАНҒАҚ –  
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:  
8(701) 875-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:  
8(771) 804-61-32  
podpiska.ait@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4749  
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114.